Из источников известно и то, что Акдам относится к династиям. Ойконим можно связать названием пункта населения Агуен, находящегося в средние века на территории нынешнего Акдама. [5.58]

Т. Ахмедов в своей книге «Азербайджанская палеотопонимия» отмечает, что хотя идеи Э.Г. Мехралиева о семантических оттенках слов «гара» (кара-черный), «ағ (ак - белый)» очень ценные, (полутрастричная статья «Значение и локальное изменение географических имен» в составе которых имеются термин «қаға» (кара - черный) и ағ (ак - белый)). Естественно эта проблема целиком не окружена, некоторые стороны проблемы в исследовании автора четко не разъяснены. Автор пишет и то, что есть нужда в широком исследовании в мнениях о том, что слова «ак», «гара» значат стороны. Это одно из предположений автора (например: Карагюней – Акгюней, Каравилак-Аквиллак, Карайокуш-Акйокуш, Караязы – Акязы, Карадашлы-Акдашлы, Каракоюнлу, Аккоюнлу). [667]

Аран. Б. Ахмедов так объясняет этимологию топонима Аран:

1. В современном языке слова, состоящие из более одного слога в древнем были или составными, или же сложно-структурными словами. Этот закон можно применять и топониму Аран. Аран название территории, где находятся многие районы, расположенные в центральной части Азербайджана. Этот участок территории, расположенная между реками Кура и Аракс. А также нынешнее время существуют село Аран (в районе Лерик), ойконим Аранзамин (в Карабахе), в Дагестане места под названиями Аран, Аранбулак. Однословные названия мест с закрытым гласным (у) Гёк (Göy) (синий), Уран (Uran), Ак Уран (Ak Uran) существовали в XIX веке в Грузии. Еще в XIII веке по писанию Закарии Газвини название реки Дарурай произошло из персидских слов «dāruya» (деря - море) и «agan» [7,89]. Высказывавшие слова Аран прокомментировали его значение. Например: В.В. Радлов, А.Р. Тенишев, С.Б. Ашурбейли, И.С. Гоглойти, Г.А. Гейбуллаев и др. И все показывали смысловое значение как равнина, покрытое, закрытое место, место с мягким климатом, нижегорья, место для зимовки, место без ветра и т.д. А разбор структуры слов в тюркологии разный. Поэтому И.С. Гоглойти считал одинаковыми слова аран и название племени алан. Принято, что топонимы произошли из обобщенных слов.

Но тогда в далеком прошлом слово аран был обобщенным словом. Часть слова «ар» (or) на тюркских языках значила «место, земля, пустыня, дорога, улица, резать, ломать и т.д. Даже существуют варианты этого слова

как ир, ыр, эр, ур, юр. Время существования в Анлауте слов кыр, хыр дают основание на связь между ними. [7.91]

2. Варианты юр, ёр, ёл корня ар стоит на ядре многих слов. На тюркских языках, как Киргизский и шорский слов кыр значит страна. На диалектах азербайджанского языка хыр (xır), кыр (kır) значит землю, место сева, равнину. Комментария этого корня дает открыть смысл слов Öranqala (Орангала), ögüş (орюш).

4. Если менять синкретический корень Ар (ar) по согласным получится ар, ал, аш, ас, аз (на основе р-л, ш-с-з), а по гласным получится ар, ор, ёр, ер и т.д.: arık (арык), arıq (арыг), alt (алт), aşağı (ашагы), aşmaq (ашмаг), as (ас), az (аз); or (ор), orun (орун), oran (оран), orda (орда); ögən (ёран), ölkə (олке-страна), ögüş (орюш), öläng (оленк), olan (олан), alan (алан) и т.д.

И сегодня на тюркских языках alan (алан) значит открытое место, равнина, степь, ровно. В этимологическом словаре тюркских языков это слово делится на части ol+a+n (ал+a+n). Слова Аран (Aran) также делится на слога ar (ар) и an(ан), раньше было обобщенным словом, потом пользовалось как топоним. Оба несут одинаковое значение. Это доказывает создание других топонимов с окончанием – an(ан): Muğan (Муган), Goran (Гёран) и т.д.

3. Можно говорить о других творениях глаголов ar (ар), or (ор). Семантические следы этих слов как arxa (арха), arık (арык), arx (арх) на многих тюркских языках значит arğa (арга), «dağətəyi» (daremeu – нижегорья); на чувашском диалекте oran (оран) значит открытое место в лесу, место нахождение чего-либо. Вариант üg (юр) этого корня может быть и корнем ögü (орюш), в диалектальном ögən (оран), смысл которого значил участок, очищенный от трав.

5. Слово Аран надо разбирать по материалам тюркских языков. Ареал распространения этих слов очень широкий. Даже если глубоко исследовать, то можно найти десятками слов произошедших из этого корня. Б. Ахмедов отмечает, что на финском языке «аро» означает степь, по эстонски сухое место, равнина. [7.92-94]

Азербайджан (Azərbaycan). Г. Мустафаева отмечает, что по мнению Якута Гемеви слова «Азер» (Azər) означает огонь, «Байкан» (Baykan) – держащий, сохраняющий, топоним «Азербайджан» означает «хранитель огня», или же «Атешхана» (место огня). [8.97]

А. Ализаде отмечает, что слово Азербайджан на самом деле (название места, страны) существовало издавна. Это можно выяснять из очень древних арабских источников. 14 томовая книга Джафар Мухаммед ибн Джарир ет Тебери под названием «История (Ta'riх) в мире известный. Это книга переведена на многие языки мира. В этой книге Тебери писал: «Абу Кюруб едет в Мосил и Азербайджан, где встречает тюрк, побеждает их, мужчин убивает, а женщин и детей берет в плен и возвращается в Емен (Yəmən)». [9.139]

Значит, история употребления топонима Азербайджан слишком древняя и означало место жилья тюркских племен.

А. Ализаде пишет: «Те, которые объясняют слово «Азер» как огонь, пламя, также берут основой то, что в Азербайджане огонь считался священным. Несомненно, вера, исповедь местных тюрков живущих в Азербайджане к огню связано из древности существующих на своих землях природного огня, газа. С этой точки зрения название страны «Азербайджан» нужно связывать огнем, пламенем, горючим газом, это более правильно и целенаправленно». [9.140]

Название Азербайджан связано с историей народа живущего, рожденного и формирующегося на этой территории. И поэтому есть большая нужда научного объяснения этого названия, потому, что рождение каждого народа происходит на определенной исторической территории.

Ю. Юсифов в своей статье пишет: «В древнегреческих источниках территория южного Азербайджана именуется, как Атропатена, а в персидскоязычных источниках как Атурпатакап. В ранних средних веках это название с фонетической стороны изменился, и произносилось по-разному. Последняя форма названия в древнеармянских источниках употреблялась как Атурпатакап, Атрпаткан, Атрпауакан. В определенной степени фонетически изменившейся форме было проявлено в Сирийских и Bizанских источниках как Адорбиган, Адарбиган, среднеперсидских источниках Адарбадаган, Азербдаган, Азербазган, в арабских источниках Азербиджан и Азербайджан. На арабском языке не существует звука «г», поэтому в названии произносится звук «дж» (с). Эти названия в разных формах были употреблены в дальнейших источниках. Интересно то, что и в данное время в некоторых случаях сохраняет свое существование форма «Адирбисан». Древние формы названия Азербайджан показывают, что в создании названия участвовали 2 компонента: слова атр/атур и адер//адир». [10.143]

Ю. Юсифов отмечает, что на некоторых тюркских языках слово «адыр» употреблялся в смыслах «вершина, высота, нижегорные степи с эрозиями» и т.д. В Киргизии адыр в топонимии употреблялся в смыслах «высота, вершина, нижегорья». В Средней Азии отражало географическую панораму разделенные горами. В тувийской топонимии «адыр» употреблялся как горный хребет.

Нижегорные степи с эрозиями горы Тянь-Шань назывался «адыр». На территории Азербайджана в топонимии (в районе Куба) это слово отражалось как «адур». Можно предполагать в древние времена Азербайджана слово «адыр//адер//адир» употреблялось в указанном смысле. Итак, можно подумать, что в ранней форме названия Азербайджан участвовал компонент «адир//адер//адыр». Этот компонент, сходствуя фонетике и другим словам иранских языков изменяясь как «атр//атур//атер» был подобный словам означавшим

«огонь». В других случаях этот компонент в ранние средние века сохранил свою форму в названии «Азербайджан», постепенно изменяясь, стал в форме «азер». Подобно сказанным еще одну раннюю форму названия «Азербайджан» возможно восстановить в виде «Адирбадган//Адербайган». [10, 147-148]

Б. Ахмедов отмечает, что если к этому слову подойти с точки зрения тюркских источников, то получится совсем другая панорама. Исследователь в своей статье пишет: Сперва выясняется, что это слово состоит из двух частей (слов) Аз (az) – название народа, народ остался в Средней Азии. Существуют те, которые объясняют Азовское море и континент Азия как море азов (azlar) и страна азов (azlar). О. Сулейманов слово Азия в форме «Аз-ия» дал как название своей книги. После автор отмечает, что вторая часть слово азер древнетюркское слово, которое сегодня на тюркских языках употребляется как ер, эр (er,er). «Ер, эр, ар, ур, ыр» во всех тюркских языках означает «мужчина, герой, отважный». При участии этого слово формулировался названия многих тюркских народов и племен: татар, уйгур, мадждар, кепгер, самур, афшар и т.д. Приняв как «г» анлаутский согласный можно открыть еще много сути. Потому, что название племен существующих у тюркских народов дает этому повод: Часть «гар» в названиях племен и народов более древние следы. Ведь в древнетюркских источниках один из смыслов слова «гар» это «народ, масса».

Г. Джавид назвал нашу страну Азерстан, Ахмед Джавад назвал Азстан. [11, 60-61]

Баку (Bakı). До сих пор было много разных мнений об этимологии названия Баку.

1. М.Ж. Сен-Мартен, Б. Дорн, К.П. Патканов, А. Кесреви и др. исследователи уравнили название Баку//Баки топонимом Багаван/Багуан, Баган упомянувшего связано с Апшероном в древних письменных источниках, эти названия иранского происхождения от слов бага – «бог», значение «место бога», «место поклонения». По мнению автора, природные дары Апшерона – «вечные огни» привело к тому, что в топонимии отразилось слово бага «бог» связанное с «огнепоклонничеством».

2. По мнению С.Б. Ашурбейли топоним Баку//Баки произошел от топонима «bağ» (баг). Название баган данное в «армянской географии VII века» множественный вид того же слова «баг».

По А. Гусейнзаде название Баку//Баки произошло от древнетюркского слова Баку «степь». Об этом А. Рагимов пишет: «Но в этих мнения остались открытыми ответы некоторых вопросов. Прежде всего, происхождение названия Баку//Баки от тюркского слова Баку «степь» не дает объяснения причины сходства компонентов в топонимах Бакан, Эотпрокиян-Багинк, Ротибага, Баганрот, Багаван, Баграван, Багк, Ваг // Багаберд связанные с Северным Азербайджаном, Багуан//Багван, Багреван и т.д. связанные с озером Ван».

По-нашему мнению и очень распространенная первая идея тоже не нашла точное утверждение. Потому, что существование смысла «бог» в словах с компонентами «баг...» для топонимии нетипично и невероятно. [12,22]

С. Ашурбейли об этом топониме пишет: «Армянские источники V-VIII века отмечают о существовании топонимов Багаван и Атеши Багуан, где горела пламя Ахиремазда на территории Апшерона».

Компонент Бага (другой вариант Багу) на нескольких Индо-Европейских языках означает «бог», «солнце». В источнике VII века отмечено, что на этой территории жили баканы (baqanlar). Вероятно, что они очень древние жители этой территории и верили в огонь и солнце. Вероятно, что название Баку взято от названия этого племени. [13,17]

А. Гусейнзаде протестуя против А. Ашурбейли, показал, что существование племени баг не доказано исторически-этнографическими фактами и законосходство баг с Баку//Баки лингвистически не основано. [12,24]

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Adilov V., Paşayev A. – Azərbaycan onimastikası. // Bakı, ADU, 1987, 85 s.
- 2 Qurbanov A. – Azərbaycan dilinin onomalogiyası. // Bakı, Maarif, 1988, 594 s.
- 3 Səlim-Şağani Təvəkkül-Abşeronun yer adları. // Bakı, Elm, 1993, 72 s.
- 4 Zahidov Ə. – Azərbaycanın bəzi toponimləri. // Gənə, 1995, 140 s.
- 5 Tapdıqoğlu N., Əliyev A. – Ağdam rayonu və onun toponimiyası. // Bakı, Təhsil, 2006, 444 s.
- 6 Əhmədov T. – Azərbaycan paleotoponimiyası. // Bakı, BDU, 1985, 88 s.
- 7 Əhmədov B. – Aran toponimi haqqında, s.89, AOP V, Bakı, ADPU, 1995, 164 s.
- 8 Mustafayeva Q. – Onomastik vahidlərin üslubi-linqvistik xüsusiyyətləri. // Bakı, Nurlan, 2001, 180 s.
- 9 Əlizadə A. – Bir daha “Azərbaycan” sözü haqqında, s.139, AOP III. Bakı, APİ, 1990, 311 s.
- 10 Yusifov Y. – “Azərbaycan adlı haqqında yeni mülahizələr”, s.143, AOP III. Bakı, APİ, 1990, 311 s.
- 11 Əhmədov B. – “Azərbaycan adı haqqında”, s. 60-61, AOP V. Bakı, ADPU, 1995, 164 s.
- 12 Rəhimov A. – Bakı adının mənşəyi, s. 22-23, Azərbaycan dilinin etimologiya və onomastika məsələləri, // Bakı, BDU, 1990, 105 s.
- 13 Aşurbəyli S. – “Bakı toponimi”, s.16-18, Azərbaycan toponimiyasının öyrənilməsinə həsr edilmiş elmi konfransın materialları. // Bakı, Elm, 1973, 137 s.

Сумгаитский государственный университет, г. Сумгаит. Материал поступил в редакцию 05.04.2012.

Д.Г. ГАРАЕВА
 МЕХТИ ГУСЕЙН РОМАНДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН
 ТОПОНИМДАРДЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ
 D.G. GARAYEVA
 THE ORIGIN OF THE TOPONYMS IN MEKHTI HUSEYN'S NOVELS

Түйіндеме

Осы мақалада М. Гусейн романдарында қолданылған топонимдардың этимологиясына қызығушылық тудырған пікірлер қарастырылады. Сонымен қатар бірнеше топонимдардың этимологиялық талдаулар көрсетілген. Апшерон, Акдам, Аран топонимдары туралы А. Захидов, Тандыгоғлы, Салим-Шагани Тевеккюль сияқты тіл мамандарының зерттеулері ұсынылған. Сонымен қатар Азербайжан топонимының осы жерде қалыптасқан өмір сүретін халықтың тарихмен және AZ -компоненті Азов теңізімен және Азия континентімен байланыс түсіндірілген. Түрік тілді тайпалар атаулары және Баку топонимдары этимологиясы араларындағы байланыс осы мақалада қарыстырылған.

Resume

In the article there are given interesting ideas about the origin of toponyms in M. Huseyn's novels. Here is also reflected the etymological analysis of some toponyms. These toponyms are explored on the basis of Absheron, Agdam, Aran toponyms by A. Zahidov, N. Tapdiqoglu, Selimshagani Tevekkul. There are given the connections of the Azerbaijan toponyms with the toponyms of Asia and the sea of Azov. The connection of the etymology of Baku toponyms with Turkish speaking kins is commented and its explanation is found.

УДК 81

Б.К. ЖУМАБЕКОВА ФУНКЦИОНАЛЬНЫЙ ПОДХОД ПРИ СОПОСТАВИТЕЛЬНОМ АНАЛИЗЕ ВЫСКАЗЫВАНИЙ С СЕМАНТИКОЙ СОВЕТА (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСКОГО И НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКОВ)

Функциональный подход позволяет видеть реальную картину языковой системы, связи и взаимодействия единиц разных уровней языка,

а главное – функционирование языковых единиц в речи, в тексте. Под функциональной грамматикой понимается прежде всего рассмотрение разноуровневых, принадлежащих к различным категориям единиц для выражения определённых коммуникативных интенций.

В коммуникативных ситуациях раскрываются два основных вида побудительности: обязательная и необязательная. В рамках необязательной побудительности выделяется такая субкатегория как совет, наставление, инструкция. Совет, по С.И. Ожегову, есть наставление, указание, как поступить, а наставление – поучающее указание, нравоучение и руководство, инструкция [1, с.345]. Синонимами совета являются рекомендация, указание, инструкция. Этот ряд выражает одновременно убывающую интенсивность совета. Так, инструкции используются, если речь идет о технических вещах, советы даются в межличностном общении. Поэтому в данное микрополе мы включаем такие семантические оттенки, как рекомендации, указания, инструкции. Совет характеризуется тем, что говорящий (дающий совет) побуждает адресата сделать что-либо определенное или прекратить, чтобы преодолеть ситуацию наилучшим для адресата образом. Выполнение совета лежит в интересах адресата. Также адресат решает сам, примет ли он совет или нет. Как отмечает В.И. Карасик, вслед за Хадсоном, «интересен речевой акт совета: тот, кто советует, ситуативно наделен статусом вышестоящего; тот, кому дается совет, находится в затруднительном положении; советуемый выражает положительное отношение к тому, кто нуждается в совете. Пересечение названных условий речевого акта совета заставляет говорящего избегать категоричности в суждениях, подчеркивать свою субъективную, личную точку зрения и общаться с партнером как бы на равных, намеренно игнорируя статусное различие» [2, с. 65].

Доминантой микрополя совета являются центральные или эталонные формы императивной парадигмы - формы 2 лица, формы вежливого обращения.

- Жылама, Елес, жылай берме. Сенен ол да шығатынын білемін ғой. Сондай адамсың сен. Мектепте пионерлердің жетекшісі болғаныңды да ұмытқаным жоқ. Дегенмен ойлан, арты қалай болады, онда бір барсаң өмір бойы сонда қаласың. Е, болмаса болмай-ақ қойсын... Әсірепті ұмытып кетіп жүрме. (С. Мұратбеков)

В первом высказывании просьба адресанта переходит в последующих высказываниях в совет и эксплицирована с помощью отрицательной формы глагола во 2 лице единственного числа повелительного наклонения. Вокатив свидетельствует о том, что коммуниканты – знакомые, отношения – старший/младший, обстановка общения – неофициальная. Лексема дегенмен свидетельствует о настойчивом характере совета, так как при его совершении ситуацию нельзя будет изменить. И в конце высказывания говорящий допускает свершение действия и продолжает давать советы.

- Шеше, қайтыңыз үйге. Балаңыз қазыр барады, - деді кемпірге сөзіне ыза болған Жолбай. (С. Мұратбеков)

Совет выражен в вежливой форме, обращение шеше презентует отношение младшего по возрасту к старшему. У казахов традиционно принято обращение к старшим на «Вы». Адресант недоволен, злится на адресата, но внешне это не демонстрирует. Социальный статус адресата соответственно выше статуса адресанта.

- Was ist? - fragt er.- Hast du wieder Komplexe wegen deiner bluden Behinderung? Nimm es doch nicht so schwer! Wir sind alle behindert. Schau Troy an! Ausserdem hdtte es dich auch schlimmer erwischen kinnen. Wegen deiner linksseitigen Ldhmung solltest du dir wirklich nicht in die Hosen scheissen! (B. Lebert)

В данной речевой ситуации идет целый ряд наставлений: в первом и третьем высказываниях адресант побуждает адресата прекратить действие, лежащее в интересах адресата и выраженных разными средствами. Социальный статус коммуникантов равный, они знакомые. В побудительном высказывании глагол стоит во 2 лице единственного числа; частица doch в сочетании с отрицанием nicht и наречием so придает оттенок увещевания. Второе побудительное высказывание краткое, оно распространено прямым дополнением. Глагол sollen в претерите конъюнктива в сочетании с инфинитивом (фразеологическое средство) служит для выражения совета или наставления. Модальный глагол как бы призван смягчить тон совета и в то же время использован фразеологизм, который в грубой форме передает совет.

- Sprechen Sie darьber mit ihrem Bruder! - riet Camuzzi. (H. Mann)

В этой ситуации для экспликации интенции совета служит вводный глагол gaten, который однозначно дифференцирует прагматическую функцию данного высказывания. Сам совет выражен глаголом в вежливой форме и относится к одному лицу. Адресант младше адресата, что предопределяет использование вежливой формы глагола, сфера общения - неофициальная, социальное положение собеседников - равное.

- Aber denk bitte daran, es ist das beste fьr dich, und bleib tapfer. (B. Lebert)

- Lass ihn mal lieber in Ruhe, - sagte Gomulka. (D. Noll)

Глагол lassen употреблен здесь в своем основном значении и стоит во 2 лице повелительного наклонения. Частица mal в сочетании с обстоятельством lieber служит для смягчения повеления и придает разговору непринужденный характер. Социальный статус коммуникантов – равный, говорящий побуждает к действию в интересах слушающего, общение проходит в неофициальной обстановке.

- Демек, өз аулыңа баратын болдың ғой? Жолын болсын. Практика кезін дұрыс пайдалан. Көп қыдырушы болма. Қалай, колхоздарыңда қыздар көп пе еді? Мүмкін, үйленіп келерсің, ө? - деп сөзін әзілмен бастады. (С. Мұратбеков)

Советы даются слушающему, возраст которого младше возраста адресанта, что позволяет ему давать серию советов-наставлений. В первом высказывании совет выражен эталонной формой императива – 2 лицом повелительного наклонения и конкретизируется обстоятельством образа действия, во 2 – той же формой глагола, но уже – отрицательной, советы даются в пользу адресата. Третье высказывание – вопросительное предложение, содержащее модальное слово мүмкін, выполняет в данной речевой ситуации прагматическую функцию ненавязчивого, без давления на собеседника совета. Сфера общения – неофициальная.

К ядерным экспонентам микрополя совета примыкают предложения с глаголами в инклюзивной форме.

Осы бір ессіз айтыстың немен аяқталарын кім білген, абырой болғанда, тығырықтан шығар жолды Жора тапты:

– Тастан-Ауған, тыңда мені, әйелдермен бұлай сөйлесуге болмайды әсіресе, қан жұтып, қайғырып отырған әйелдермен. Жайына қалдыр оларды, мәйіттің қасында дауласып тұрғанымыз дұрыс емес, жүр, далаға шығайық, не істеуге боларын ақылдасып, кенесіп көрейік.

Үңгірді жарып жіберуге қашан да үлгересің ғой. Бірақ алдымен сөйлесіп алайық. (С. Мұратбеков)

Для эспликации семантики совета служат в данной речевой ситуации глаголы императивной парадигмы: это формы 2 лица; совместного действия: кеңесіп көрейік и сөйлесіп алайық, образованные с помощью деепричастия кеңесіп, сөйлесіп с суффиксом -іп – аналитические формы и 1 лица множественного числа повелительного наклонения. В формах совместного действия адресант включает себя в побуждаемое действие. Перформативный глагол кеңесу конкретизирует семантику повеления. Обращение по имени демонстрирует степень знакомства коммуникантов.

Ядерная зона в казахском языке пополняется еще одним экспонентом: это предложения с глаголами в условном наклонении.

В немецком языке к ядерным экспонентам микрополя совета относятся высказывания с глаголами в изъявительном наклонении.

- Du legst dich nie auf die linke Seite, merk dir das, weil es da noch schlimmer weh tut! Du ziehst das rechte Bein an, weil das den Schmerz erleichtert, und wenn sie dir's gewaltsam ausstrecken, dann stöhnst du und ziehst es gleich wieder an. Verstehst du? (D. Noll)

В данной ситуации дается ряд указаний-советов, лежащих в интересах адресата и презентующих негативные последствия в случае их неисполнения. Ядерным конституентом в немецком языке выступает инфинитив полнозначного глагола с отрицанием и без него. Инфинитив в сочетании и без отрицания nicht может выражать смягченное приказание или совет, они используются в инструкциях и предписаниях рекламного характера:

- Nicht abtrocknen lassen! (Из инструкций по стирке изделий из синтетического волокна). - Не сушить!

- Morgens und je nach Bedarf wiederholt auftragen. Bei ueber 0°C aufbewahren. Achtung: nur fuer die aeussere Anwendung bestimmt. Nicht schlucken. Nicht anwenden bei Auftreten von Hautirritationen. (Из инструкций по применению косметики «Mary Kay»)

В перечисленных инструкциях значение совета сопровождается значением запрета.

Инфинитив в казахском языке не является конституентом микрополя совета.

Как в казахском, так и в немецком языке к ядерным экспонентам микрополя совета относятся высказывания с модальными глаголами в сочетании со смысловым глаголом.

- Ойлану керек, - деп түйіндеді Жора, - ал әзірше ішке кірейік, Арсеннің жаны тыныштық тапсын деп құран бағыштап жіберейін, молда емеспін, әрине, бірақ білгенімді оқимын ғой. (Ш. Айтматов, М. Шаханов)

- Aber du musst mir aufmerksam zusehen. Pass gut auf, hoer genau zu und lerne.- Ich nickte, und sie holte wieder tief Luft, um fortzufahren. (W. Dirie)

Побуждения с модальными глаголами могут носить обобщенный характер, когда высказывание направлено одновременно ко всем. Наиболее часто используется неопределенно-личное местоимение man, кроме этого могут применяться местоимением es, jemand, wer:

– Das muss man sich vor Augen fñhren, der weite Schulhof.

– Augenwischerei darf es bei uns nicht geben. (G. Goerlich)

Включение обращения в конструкцию man muss создает эффект абстрактного, отвлеченного совета:

– Das muss man lernen, Karl. (G. Goerlich)

Модальные глаголы, как известно, не ограничены конструктивно, они могут употребляться не только в форме актива, но и пассива:

Побуждение с модальными глаголами может относиться и к неодушевленному лицу:

– Mentorschaft sehe ich anders. Die muЯ solide sein, die muЯ doch alle einbeziehen. (G. Goerlich)

Telefonzellen meiden. In oeffentlichen Fernsprechern kostet eine Einheit 20 Pf. statt 12 pf. (Die besten 100 Spar-Tipps)

Следующим конституентом микрополя совета является презенс конъюнктива в сочетании с подлежащим man, которые употребляются для выражения распоряжения или инструкций в научном стиле, например, в технических текстах:

Man beachte bei Einsatz im gewerblichen Bereich die fñr das Gewerbe gueltigen Bestimmungen zu beachten.

Особым конституентом микрополя совета являются пословицы, так как они могут обладать побудительным потенциалом. Они относятся к

фразеологическому языковому уровню. Это такие устойчивые словесные комплексы, которые, в отличие от других фразеологических соединений, обнаруживают семантическое единство [3, с.180].

Пословицы – есть вербальное выражение мудрости народа, они передаются из поколения в поколение и могут оказывать воздействие на собеседника. Побудительность в пословицах может быть представлена как прямо – при помощи императива и модальных глаголов, так и косвенно.

Was du heute kannst besorgen, das verschiebe nicht auf morgen. - Бүгінгі істі ертеңге қалдырма. Совет: то, что можно сделать сегодня, не оставляй на завтра.

Für einen Freund geht man durch Feuer und Wasser. – Жаныңдағы жолдасыңнан жаныңды аяма. Совет: ничего для друга не жалей. [4, с.64].

В вышеперечисленных пословицах с побудительной семантикой видно, что пословицам в немецком языке, выражающих семантику совета формами повелительного и изъявительного наклонений с модальными глаголами и без них, соответствуют в казахском языке пословицы с императивными формами глаголов как с отрицаниями, так и без них. В семантическом плане немецкие и казахские пословицы идентичны. С.И. Исабеков пишет по этому поводу: «... разными народами познаются и неизменные, имманентные признаки и свойства одних и тех же, общих для них явлений действительности. Это приводит к формированию у них одинаковых, аналогичных знаний, представлений о мире и соответственно к созданию одинаковых или схожих фразеологических единиц (ФЕ). Неслучайным в связи с этим является тот факт, что во многих семантических макро- и микрополях родственных и неродственных языков наблюдается очень большая общность фразеологических единиц (ФЕ) по своей внутренней форме и актуальному фразеологическому значению» [5, с.48]. Именно фразеологический уровень обладает ярким национальным компонентом. Они реализуют как акты предостережения и предупреждения, так и акты совета. Границы между этими двумя семантическими субкатегориями зыбкие.

Пословицы имеют часто в своем метафорическом и обобщающем значении поучительный характер и способствуют тому, чтобы усилить советы в своем коммуникативном намерении. Одной из функций пословиц Е.М. Верещагин и В.Г. Костомаров считают директивную и пишут: «Если обычные побудительные фразы одного лица, равно как высказанное им суждение на основе собственного опыта, воздействуют на адресата тем сильнее, чем выше авторитет говорящего, то пословица и крылатое слово, выражающие общее мнение, не оспариваются никогда, и, следовательно, они максимально авторитетны (даже когда они передают взаимоисключающие явления)» [6, с.79].

Для микрополя совета характерна в казахском и немецком языках следующая ядерно-периферийная расстановка конstituентов: доминантой микрополя совета в обоих языках является повелительное наклонение

глагола как положительной, так и отрицательной формы повелительного наклонения глагола в казахском языке и глагола в повелительном наклонении с отрицаниями nicht, nichts, keinesfalls и без них в немецком языке. Это является изоморфизмом в сопоставляемых языках.

Нами выявлены и другие тождественные конstituенты: ядерные - высказывания с перформативными глаголами; с глаголами в форме настоящего и будущего времени изъявительного наклонения; с модальными глаголами в индикативе; периферийные конstituенты - косвенные речевые акты; имплицитные высказывания, эллиптические высказывания, пословицы. Все конstituенты сопровождаются особой повелительной интонацией. Это есть изоморфизмы.

Алломорфизмами являются в немецком языке односоставные предложения, выраженные инфинитивом, партицип 2; глагол-сказуемое в пассив настоящего времени; смысловой глагол в инфинитиве; подлежащее man + презенс конъюнктив. В микрополе совета в казахском языке присутствует конstituент: глаголы-сказуемые в условном наклонении. В немецком языке он отсутствует.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М., 1999. Т. 1, - 718 с.
- 2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. - М., 2004. - С. 62.
- 3 Чернышева И.И. Фразеология современного немецкого языка. - М., 1970. - С. 180.
- 4 Сабитова М.Р., Латыпова Р.Б. Неміше - қазақша мақал-мәтелдер. - Алматы: Рауан, 1991. - 64 б.
- 5 Исабеков С.И. Этнолингвистика и межкультурная коммуникация // Вестник КазГУМОиМЯ. - Алматы, 2001. - № 3. - С. 48.
- 6 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. - М.: Русский язык, 1990. - с. 79.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 29.05.2012.

Б.К. ЖУМАБЕКОВА
КЕҢЕС МАҒЫНАСЫМЕН БЕРІЛЕТІН СӨЗДЕР МӘНІНДЕГІ
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚАТЫНАС
(ҚАЗАҚ ЖӘНЕ НЕМІС ТІЛДЕРІНІҢ МЫСАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

B.K. ZHUMABEKOVA
A FUNCTIONAL APPROACH TO COMPARATIVE ANALYSIS OF THE
PROPOSITIONS WITH ADVICE SEMANTICS (ON THE EXAMPLE OF
KAZAKH AND GERMAN LANGUAGES)

Түйіндеме

Мақалада қазақ, неміс тілдері материал негізіндегі кеңес семантикасының әртүрлі деңгейлі айтылу құралдары салғастырмалы аспектісінде айқындалады.

Resume

Different leveled means of the expression of the advice semantics in the comparative aspect are considered in this article (on the base of the Kazakh and German languages).

ЭОЖ 81'1= 512.122

Ж.Қ. ЖҰБАНТАЕВА**ФИТОНИМДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМ СЕМАНТИКАСЫ**

Фразеологизмдер – тілдің мағыналық жағының көпғасырлық дамуының нәтижесі. Тілдік бірліктің тіл біліміндегі орны, атқаратын қызметі ерекше, себебі, қоршаған орта туралы күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа әрі ықшамды, бейнелі де эмоционалды түрде беруде оған тең келер бірлік жоқ. Ойды білдірудің, ұғымды түсіндірудің ең көркем, әрі образды түрі – фразеологизмдерді пайдалану болып табылады. Фразеологизмдерде тек қана образдылық емес, сонымен қатар, талай ғасырлар бойы халықтың, ұлттың өз басынан кешіріп, жинаған өмірлік тәжірибесі жатыр. Әрбір адам ұлттық салт-дәстүрі, тілі, тарихы, әдебиеті секілді өзіндік құндылықтардан тұратын белгілі бір халықтың ұлттық мәдениетіне жатады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде қазақ фразеологиялық ілімінің зерттелуінің үш түрлі бағыты орын алған. Тұрақты сөз тіркестерін таза тілдік тұрғыдан бір тіл аясында зерттеу үш бағыттың бірі. Бұл бағытта зерттеуші ғалымдар айтарлықтай зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Тіл қашанда қоғаммен бірге біте қайнасып, ұдайы динамикалық қозғалыс пен өзгеріс үстінде болатын ерекше құбылыс. Осы орайда, жоғарыда аталған тілдік зерттеу материалының қарастыру тәсілі мол: фразеологизмді жаңаша тілдік бағытта қайта қарастыру, ұлттық қалыпқа салып, семантикасы мен қызметін айқындау, қолданыстық өрісінің деңгейін тану, тілдік жаңа бағыттар мен мектептер аясында: когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, психолінгвистикалық, прагматикалық, прагмастилистикалық, мәтінтанымдық, т.б. әр түрлі қызметтік грамматика түрлерінде оларды заман талабына сай ғылыми тұрғыдан зерделей отырып, теориялық құндылығы мен практикалық маңыздылығына, бізге белгісіз болған ашылмаған тұстарына айырықша назар аударылуы тиіс деп есептейміз.

Кез келген тұрақты сөз тіркесі белгілі бір ұйытқы сөз арқылы қызметтік-мағыналық тұрғыдан қалыптасып түзіледі. Соңғы уақытта фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы өзек семаның негізінде оларды семантикалық кластарға бөлу мәселесіне кеңінен мән берілген. Осының нәтижесінде, фразеологизмдердің зоофразеологизмдер, соматикалық фразеологизмдер, фитонимді фразеологизмдер, адамның эмоциясына құрылған фразеологизмдер, әлеуметтік фразеологизмдер т.б. сияқты түрлері ажыратылған.

Фразеологизмнің семантикалық класының бір түрі – өсімдік атаулары, ғылыми тілмен сөйлесек, фитоним бірліктері негізінде жасалған тұрақты сөз тіркестерін фитонимді фразеологизмдер деп атаймыз. Жалпы, қазақ тіл білімінде өсімдік атауларын жан-жақты егжей-тегжейлі зерттеп қарастырған ғалым – Б.Қ. Қалиев. Ғалым 1991 жылы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Фитонимді фразеологизмдер саны жағынан фразеологизмнің басқа мағыналық топтарымен салыстырғанда көп емес. Десек те, фитонимді фразеологизмдер адамның сыртқы түр әлпетін, жеке басына қатысты қасиеттерін білдіруде, алғыс-қарғыс мәніндегі сөздердің түзілуінде өзіндік қызметімен ерекшеленеді. Сондай-ақ тілімізде өсімдік атаулары қатысқан мақал-мәтелдерде де баршылық.

Өсімдік атаулары арқылы жасалған фразеологизмнің бір түрі – фитонимді фразеологизм мәселесі жеке зерттеу аясына түсе қоймаған тың да өзекті тақырыптардың бірі. Осы мақсатта біз әр түрлі сөздіктердегі саны жағынан үш жүзге жуық фитонимді фразеологизмнің қолданысы мен қызметіне тоқталып, эмпирикалық материалдардың негізінде оларды семантикалық топтарға ажыраттық.

1. Адамның сыртқы түр әлпеті, сұлулығын білдіретін тұрақты тілдік бірліктер:**1.1 Бетке қатысты ФФ:**

а) «**Бәйшешек бетті**». «Бәйшешек» фитонимі балғын жүзді, гүл жүзді, бәйшешек сияқты құлпырған, қызылды-жасылды деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ «бәйшешек» фитонимі сұлулықтың әрі албырт жастықтың белгісі болып табылады. *Қарындай үрген домалақ, бәйшешек бетті бала едім* (Ш.Б.) (90 б.).

ә) «**Алма бет**». Алма бет деп қызарған домалақ бетті айтады. Алма – раушангүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық ағаштың басына шығатын жеміс. *Ақ тамақ, алма бетті арулар жүр, Қыдыртқан бақалшылар сабынақтай* (І.Ж.) (190 б.). Сонымен бірге тілімізде мойынды да «алмаға» теңеу бар («алма мойын»).

«**Алма**» фитонимі арқылы жасалған мақал-мәтелдер:

Ағашы аласа болса да, *алмасы* тамаша

Баласыз ана – гүлсіз *алма* т.б.

б) «**Аршыған жауқазындай** (жұмыртқадай)». Аппақ, кіршіксіз таза, ақ торғын мағынасында қолданылады. Мысалы: *Қасына отырған қызға қараса, аршыған жауқазындай ақ қыз, кескін, келбеті бір жігітке татырлық* (С.М.) (51 б.).

в) **Ақ құба, бидай өңді**. Сұлу, сымбатты, ашаң жүзді кісінің көркі туралы айтылады. *Елемес көзі жайнап, ақ құба, бидай өңі күреңіте қалып, жуқалтақ қабағын сәл шытып, шырт еткізіп таңдайын қақты* (24 б.).

г) «**Бидай**» фитонимі кісінің жағымсыз мінез-қылығын білдіруде де қолданылған. Мысалы: **Бидайша қуырды**. Екі аяғын бір етікке тықты мағынасын білдіреді. Мысалы: *Ол кетісімен Танағоз Әбекең мен Тәукені бидайша қуырды* (Ф. Мұст.) (119 б.).

ғ) **Тілі(тілімен)бидай қуырды**. Аппшыны қуырды; сөзбен түйреді (535 б.) мағынасында қолданылады.

«Бидай – астық тұқымдасына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл» болып келеді. Осыған байланысты халықтың күн-көріс тіршілігінде «бидай» дақылының басқа дақылдарға қарағанда рөлі мен маңызы ерекше. Сол себептен де халық ұғымында «бидай» фитонимі арқылы жасалған бірқатар мақал-мәтелдер де қалыптасқан. Мәселен:

д) **Соқыр тауыққа бәрі бидай(тары)**. *Білмегенге бәрі бірдей; білмегенге жылытырақтың бәрі алтын; білмегенге ақ-қарасы бәрібір деген мағынада* (617 б.).

е) **Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен** (228 б.).

ж) **Ақ бидайдың қадірін ашыққанда білерсің, Агаранның қадірін Қыс шыққанда білерсің**.

з) **Малды бақсаң, сиыр бақ, сүт кетпейді шарадан. Егін ексең бидай ек, Құт кетпейді даладан**.

и) **Жетімге жеті бидай да тамақ**.

й) **Бидайды қуырған, Қойды шұбырған құртады**.

к) **Бидай – қырда, күріш – Сырда, жемістердің гажабы – Жетісуда**.

қ) **Субар жерде ырыс бар: Ұстап балық жейсің, Ақ бидай егін, нанын жейсің**.

1.2 Көздің сұлулығын сипаттайтын фитонимді тұрақты тілдік бірліктер:

а) **Қарақат көзді. Қарақаттай көз**. Аса сұлу жүзді әйел мағынасында. *Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат, қазір сатқақ ұрғандай арықтап, құп-қу шөлмектей боп қалыпты* (М.Ә.) (325 б.).

ә) **Көзі қарақаттай**. Мөп-мөлдір, сүйкімді қара көз. *Ойпырмай, жан сәулем, Ғалия, қабағың, Күндей аппақ тамағың, Қарақаттай көзіңе құмарлана қарадым* (С.М.) (261 б.).

б) **Бадана көз**. «Бадана» жерге түйін тастап өсетін өсімдік және сол өсімдіктің түйнегі. Бадана көз – бадырайған үлкен көзді білдіру үшін қалыптасқан тұрақты сөз тіркесі.

в) **Нәркес көз**. Әдемі, сұлу көзді білдіреді. «Нәркес» фитонимі бақшада өсірілетін, күлтесі ақ немесе сары түсті, хош иісті әдемі гүл. Мысалы: *Зеңгір көк, мұзарт таулы даланы иен, Жалт еткен, шолып өткен жанарымен,*

Тізілген нәркес көздер, нәзік сөздер табиғат талантының қаламымен (С. Мәу.) (405 б.).

1.3 Мұрынның әртүрлі пішінін білдіретін ФФ:

а) **Пісте мұрын**. «Пісте мұрын» тұрақты сөз тіркесіне фразеологиялық және түсіндірме сөздіктерде екі түрлі мағыналық анықтама берілген: 1) кішкене, қыр мұрын; 2) ұзындау, үшкір мұрын. Мысалы: *Жібектей талдап өрген қолаң шашы, Аққудай суда жүзген көрсең формы. Маржандай отыз тісі, пісте мұрын, Кең маңдай, қасы қара, өткір көзді* (О.Ш.) (443 б.).

1.4 Ерінге қатысты фитонимді фразеологизмдер:

а) «**Шиедей қып-қызыл еріндері**» тұрақты сөз тіркесінің жасалуына «шие» фитонимі ұйытқы болған, яғни еріннің шиесі сияқты қып-қызыл, шикандай болуы. «Шиеге» түсіндірме сөздікте: «Басында қызыл түсті жеміс өсетін ағаш және сол ағаштың шырынды домалақ жемісі», - деп анықтама берілген. Бір жағынан, еріннің қызыл болуынан деннің саулығын да байқаймыз. Себебі, еріннің «қып-қызыл» болуы ағзадағы қанның дұрыс айналысынан хабардар етеді, екіншіден, сұлулықтың белгісі, үшіншіден, албырт жастықтың нышаны болып табылады.

«Шиесі» фитонимді тұрақты тілдік бірлігі сонымен қатар жағымсыз мағынада да қолданылады. Мысалы: ә) **Беті шиесі болды**. Бұл жерде ерін жоқтап, бетін жыртып қан етті деген мағынада. *Құлторат шабарыңа кие болды, Беттері қатынымның шиесі болды* (119 б.).

б) **Аузын шиесі қылды**. Аузы-мұрнын шиесі (шиесі жегендей) қылды. Аузы-мұрнын қан қылды, қан жалатты деген мағынаны білдіру үшін қолданылады. *Аңдып жатқан дуадақ жақындаған кезде қанатымен қағып қалып, түлкінің аузын шиесі қылып, жұлынын үзіп кетті!* (ҚЕ) (68 б.).

2. Адамның жас мөлшерін білдіретін фитонимді фразеологизмдер:

а) **Жас жауқазын сарымсақтай** тұрақты сөз тіркесі поэзиялық шығармаларда уыз жас қыз-келіншектің әлі толып піспеген жас жауқазынға теңеуінен туындаған.

ә) **Балы тамған жас қамыс**. Бұл жерде өте нәзік, жетілмеген, жаңа желкілдеп өсіп келе жатқан жасқа қатысты айтылады. *Ары кеткен алдағыш, Мені-ақалда, сөкпейін, Балы тамған жас қамыс. Ормасаңшы, көктейін* (Абай) (93 б.). «Қамыс» фитонимі арқылы қалыптасқан мақал-мәтелдер:

б) **Шығыс жаман қамысты су ішінде өрт шалар, жүрісі жаман жігітті ел ішінен жасу алар**.

в) **Қамыс отын емес, жалыны бар да, шоғы жоқ, өтірік сөз досы емес, айтқан жерде өзі жоқ**.

г) **Қамыстың шоғы болмас, көк судың тоғы болмас**.

д) **Қамысты қатты ұстамасаң, қолыңды кеседі, жаманды қатты ұстамасаң, тоныңды шешеді**.

д) *Еті тірі ер жігіт елінің намысын қорғайды, тоғайының қамысын қорғайды.*
Сонымен қатар аттың әдемі, тік құлағын сипаттауда «**қамыс құлақ**» тұрақты сөз тіркесі қолданылады. *Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ. Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ* (Абай) (313 б.).

3. Адамның жеке басына қатысты қасиеттері туралы айтылатын фитонимдес фразеологизмдер

3.1 Мергендікті білдіретін ФФБ:

Шидің шетіне қонған шегірткені атып түсіру.

3.2 Шеберлігін білдіретін ФФБ:

Ағаштан түйін(түйме) тию. Аса шебер, барынша өнерлі, он саусағынан өнер тамған адамға айтылады.

3.3 Жуастықты білдеретін ФФБ:

Қой аузынан **шөп** алмайтын

3.4 Сарандықты білдіретін ФФБ:

Аузын қу **шөппен** сұрту. Бардың өзін жоқ деп, жоқты да жоқ деп, тып-тыпыл етті мағынасын білдіреді. *Дым істелмей жатыр деп, ауызды қу шөппен сұртуге де болмайды. Соңғы жылдары Қазақстан көркем әдебиет баспасы балаларға арнап, бірнеше суретті кітапшалар мен жеке жинақтарды шығара бастады* (ҚӘ) (68 б.).

3.5 Жалқаулықты білдіретін ФФБ:

Шөптің(қурайдың) басын сындырмау. **Бұрау бұта (шөп) басын да сындырмайды.** Еш нәрсе істеймейді деген мағынада қолданылады.

Қурайдың(көлденен шөптің) басын сындырмады. Дәнеңе істемеді, екі қолын қусырып отырды. *Бізде жыл бойына бір қурайдың басын сындырмай, сессия таянғанда, әйтеуір, «стипендиядан қағылып қалмайын» деп, екі-үш күннің ішінде бәрін біліп алатын студенттер де бар* (ЛЖ) (354 б.).

Қу, айлакерлік, мақтаншақтық қасиеттерін білдіретін ФФБ:

а) Тақыр жерден **шөп** шығарған. *кекесін.* (489 б.).

ә) Тасбақаның аузынан **шөп** алған адам. Өте айлалы, тапқыр, егті адам (495б.).

б) **Мақтамен** бауыздады. Қалжыңды уәж сөзбен мысын құрта жер-жебіріне жетті, әбден ұялтты. *Мақтамен бауыздадың, күйеу бала, - дұрыс, дұрыс. Баймағамбет ақылды, біз ақымақ. Сен ақылды, біз ақылсыз* (Ғ. Мұст.) (385 б.).

в) **Ағаш** белсенді. *Дүмбілез, белгілі әкімдік мансабы жоқ, қолынан ешнәрсе келмейтін, сырттай пысық кісі* (14 б.).

«Шөп» фитонимі қатысқан мақал-мәтел:

Жел тұрмаса, **шөптің** басы қимылдамайды (225 б.).

Егінді жабайы **шөп** аздырар, ерді еріншектік аздырар (226 б.).

3.7 Адамды масқара ету мағынасында: **Ағаш атқа мінгізді. Ағаш аттың басына іліп әкетті.** – Сөз қылды, өсек-аяңға іліктірді; келеке қылды, масқара етті (14 б.).

«Ағаш» фитонимі ұйытқы болған мақал-мәтелдер:

Адам көркі шүберек, ағаш көркі жастырақ (222 б.).

Еменнен қатты ағаш жоқ, Көп жатса жерде дер ілер. Болаттан қатты темір жоқ, Тасқа салса кертілер.

Тұт ағаштың тұтын же, тұтын жесең, күтін же.

Түйе атасы – нар, ағаш атасы – шынар.

4. Алғыс-қарғыс мәнді фитонимді тұрақты тілдік бірліктер:

Шөп басын сындыршы! Жақсылыққа жорышы, лайым, осылай болғай! (711 б.).

Жолыңа(қадамыңа) **гүл** бітсін! Тілек. Сапарың, не келу қадамың құтты болсын! деген мағынада (206 б.).

Ісі **жемісті** болсын! Шаруасы оңға бассын деген мағынада айтылатын тілек. *Мен бұған шын көңіліммен алғыс айтамын! Өркенің өссін, ісің жемісті болсын деп батамды берем,-деді* (Б.М.) (581 б.).

Басқан жерінен **шөп** шықпасын! Қарғыс. Ісі оңбасын, қырсық-кесір арылмасын! деген мағынада айтылады (97 б.).

Басқан ізіне **шөп** шықпайды. *Қу, арам, ниеті теріс кісі туралы айтылады. Басқан ізіне шөп шықпайтын қу өзі* (АТ) (97 б.).

Жолыңа **жуа** шықсын(бітсін). **Қарғыс мәнінде.** Жолың болмасын, ісің оңға шаппасын (268 б.).

Жүрген жеріңе **шөп** шықпасын! Қарғыс. Ісің өрге баспасын, жолың болмасын деген мағынада (214 б.).

Орныма **егін (пияз)** ексін. Кеу-кеулеп қуып еді, менің орнымды меншіктеп көре қойсын деген мағынада. Мысалы: *Ал орныма пияз ексін ауылай, болыс. Кеттім! Күнім туса көрермін, балам! Әттеген-ай, бұныңды білсем, сол күндерде біріңді жастана жатпас па едім!* (Ғ. Мұстафин) (420 б.).

Тіліңе **тікенең** кірсін! (шоқ түссін!). қарғыс. Тілі ащы кісіге айтылады. *–Тфәй, тфәй, тіліңе теріскен шықсын сенің! Не деп отырсың. Молаға қашатындай келіннен қорыққаның сонша?* (Ә. Әл.) (536 б.).

Тұқымын тұздай құрту (әдейі) (21 б.)

Шөбің жапырылмасын! Малсыз, тып-тыпыл бол деген мағынада (765 б.). т.б.

Қорытындылайтын болсақ, қазақ халқының ұғымында өсімдік атаулары саны жағынан көп болмағанымен, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің түзілуінде ерекше рөл атқарады. Фитонимді тұрақты сөз тіркестері халықтың өзіндік ұлттық дүниетанымын танытуда орасан ойды салмақты да сазды сөзге сыйғызып, ұтымды да шебер құрастырыла білген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 800 б.

2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1977. - 712 б.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
4 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы, 2002. - 192 б.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ. Материал
27.04.12 ж. редакцияға түсті.

Ж.К. ЖУБАНТАЕВА
СЕМАНТИКА ФИТОНОМИЧЕСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ
ZH.K. ZHUBANTAYEVA
SEMANTICS OF PHYTONYMICAL PHRASEOLOGICAL UNITS

Резюме

В статье рассматривается функционально-семантические группы фразеологических единиц с компонентом фитонимов.

Resume

The article deals with the functional-semantic groups of phraseological units with phytonymical component.

ӨОЖ 882.151.212.2-14

Г.А. ЖҰМАБЕКОВА, Р.М. МУТАЛИЕВА Е. РАУШАНОВТЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҒАРМАН МӘСЕЛЕСІ

Қазақ поэзиясындағы лирикалық қаһарман мәселесі дәстүр тағылымынан сусындап, сабақтастық пен үйлесімділікте жалғасын тапқан ақындардың табиғатты жырлауы адамзат пен табиғат арасындағы етене жақындықты, тығыз, ажырамас байланысты жақындатты деп айта аламыз.

Ақындар табиғатты жырлау арқылы әр заман, дәуір тынысын, әлеуметтік, қоғам мәселелерін өлеңдеріне арқау етті. Табиғатты жырлау негізінде өртүрлі лирикалық қаһармандардың бейнесі жасалды.

Жаңа даму сатысына көтерілген табиғат лирикасы, лирикалық қаһарман бейнесінің сомдалу ерекшеліктері лирикадағы жаңашылдық пен көп үнділікті ұлттық тұрғыдан жаңаша, өзгеше бағытта жырлау басымдылығымен көзге түседі. Осы ретте Е.Раушановтың табиғат лирикасы ерекше мәнге ие. Ақынның табиғат лирикасындағы лирикалық қаһарман бейнесі өртүрлі өзіндік қырымен көрінеді.

«Сурет» өлеңінде лирикалық қаһарман мен ақындықтың арақатынасы тағы да бой көрсетеді. Мысалы:

Жылдар бойы сан іздеп таба алмаған
Жыр дәптерін оқытты далам маған.
Қанатында екен ол аққулардың,
Қауырсын боп неге мен жаралмағам? [1,20 б.].

Демек, лирикалық қаһарман ақындықты даладан үйренген. Бұл шумақтағы «дәптер» сөзінен де ақындықтың шыңдалуын, төселуін, қалыптасуын көреміз. «Тұмса бұлттар тұрлаусыз сенделеді, // Тұла бойым өрт болып жанады ысып» тармақтарындағы бірден көзге түсетіні «тұмса бұлттар» сөз тіркесі. Өйткені, «тұмса» сөзі малдың бірінші рет төлдеуіне қатысты айтылады. Осы ұғымды ақын бұлтқа қатысты қолданғандығынан автордың тіл байлығынан, сөздік қорының молдығынан мәлімет береді. Жоғарыда талданған өлеңдерден «шынайы» лирикалық қаһарманның бейнесін тани аламыз.

«Шындарым...» деп басталатын өлеңінде лирикалық қаһарман биіктікті қалауын аңғарамыз.

Шындарым,
Уа, өрлерім,
Шежіре көне тарихқа куәгерлерім!
Қыраннан қанат сұраман жылушы болып,
Биіктік осы менің де туа көргенім [1, 21 б.].

«Жуынарсындар жауынның тазасыменен, // Биіктік жырын осылай жазасың ерен» тармақтарында лирикалық қаһарман биіктікті шындардан көреді. Сол биіктікке түскен найзағайға да лирикалық қаһарманның өзіндік ғашық сезімі бар.

«Саяқтарын үйірге сүйреп келіп» деп басталатын жырында Е. Раушановтың ақындық та, тұлғалық та ерекшелігін көреміз. Өлеңді толығымен келтіреміз:

Саяқтарын үйірге сүйреп келіп,
Бұлт көшеді шашаусыз түйдектеліп.
Сонау алыс жиекте әлсін-әлсін
Жалт ойнайды дыбыссыз иректеліп.

Зауза-мамыр түнінің аспаны бұл,
Дала бүгін қабағын ашпады бір.
Қалтырайсың сұп-суық құшағымда,
Қалтырайды сұп-суық тастағы гүл [1, 29 б.].

Өлеңде лирикалық қаһарман бұлттың көшуін жылқының үйіріне ұқсатады. Мұндағы «саяқ» сөзі жылқыға тән атау. Бұдан біз қазақтың далада малды көріп өскен ақынға табиғат суреттері де малдың тірлігі сияқты көрінеді. Лирикалық қаһарманның көзімен қарағанда алыстағы найзағай дыбыссыз иректеледі. Өлеңдегі «иректелу» сөзінен ақынның сөз саптаудағы лаконизмі танылатыны сөзсіз.

«Шілде» өлеңінде:

Көкала үйрек көлендей қонып,
Қасқалдақ ұшқан тепсеңдер.
«Қай жерде көрдім» дегендей болып,
Қарайды маған топ шеңгел [1, 61 б.].

«Қай жерде көрдім дегендей болып, // Қарайды маған топ шеңгел» өлең жолдарында лирикалық қаһарманға таныс шеңгел болғандықтан солай түйсінеді. Лирикалық қаһарман үшін шеңгелдің қарауы емес, лирикалық қаһарманның қабылдауына сай өрілген. Өлеңдегі кешкі ауыл көрінісі лирикалық қаһарман үшін ерекше құбылыс.

«Қоңыр құм» өлеңінде ақынның ой айқындылығы, сөз қарымдылығы бірден көзге түседі. Мысалы:

Білмеймін алысың не, қалысың не,
Әлде сен бұл даланың сәнісің бе?
Өмірдің өзі сынды сыртың момын,
Қоңыр құм, не болса да – бәрі ішінде.
Тіріліп ескі жара өлі күннен,
Дөңбекшіп жата алмайсың сен іңірден.
Төсінен суырып ап сол жебені,
Байлағым кеп кетеді өміріммен.

«Өмірдің өзі сынды сыртың момын, // Қоңыр құм, не болса да – бәрі ішінде» тармағында лирикалық қаһарман қоңыр құмды тарихи оқиғалардың куәсі ретінде қарайды. Ол ойды әрі қарай былай өрбітеді:

Жыл жайлы пиғылы жат, көші бөлек,
Сөз алып сөйлемейсің шешіле көп.
Садақтан самсап ұшқан сансыз жебе
Қадалды қаншама рет төсіңе кеп?.. [1, 82 б.].

Лирикалық қаһарманның көзімен жай ғана қоңыр құм емес, талай қырғынның куәсі. Бұнда лирикалық қаһарман сырттай бақылаушы емес, тікелей сырласушы. Өлеңдегі лирикалық қаһарманның «қарапайым әрекеттегі» сипатын көреміз.

«Таң. Станция» өлеңінде ақын табиғатқа басқаша бір мағына үстейді. Ақынның қиялында жай өсіп тұрған талдардың өзі «Бір шетте басын шайқап талдар қалды // Составтың вагондарын санап көріп», - дейді. Лирикалық қаһарманның көзімен қарағанда табиғат кәдімгі бір-бір іс-әрекеттің иесі. Демек, лирикалық қаһарман үнемі динамикалық қозғалыста екендігін көреміз. Тура мағынасындағы желге шайқалып тұрған талдар лирикалық қаһарманның көзінде талдардың көптігін вагондар санап тұрғандай көрінеді. Үшінші шумақтағы «Сөйлесе жапырақтар тұтығып қап, // Ағын су күліп жатты сықылықтап» - деген жолдардан сықылықтап ағып жатқан суға ілесем деп жапырақтардың тұтығып сөйлей

алмай жатқандығын көреміз. Жапырақтың су секілді дыбыс шығара алмайтыны тек желге ғана қозғалатыны белгілі. Осы көрініс лирикалық қаһарманның көзімен «тұтығып» деп дәл суреттелген. Бұл орайда ақындық шеберлігін бағамдаймыз. Біздіңше, ақын қара қарындашпен салынған табиғат суретіне өзінің қиялындағы түрлі-түсті бояуымен әрлеп, оқырман алдына пейзаж картинасын ұсынады. Демек, лирикалық қаһарманның көзқарасымен табиғаттың әрбір құбылысына жеке-жеке міндеттер жүктеп қойылған сияқты. Яғни, Е. Раушанов өлеңдерінде табиғат адамдар сияқты тіршілік иелері.

Қаламгердің «Ташкент ақшамының» екінші өлеңінде лирикалық қаһарман өзбек жеріндегі табиғаттың өзі өзбекке тән болып кеткендігін былай бейнелейді: «Аппақ-аппақ көктегі бұлттары да // Тең-тең мақта секілді боп көрінер» дегенде Ташкенттің бұлттарының өзін халқының тұрмыс-тіршілігімен байланысты етіп өрнектеуі Е.Раушановтың қарымды қаламгерлігін әйгілейді.

Мәйін сөйлеп майда жел еңеді ішке,
Ташкент көзін сүзеді көк егіске

Қаншама мың тұрғыны бар қала дараланып, жандандырылып, тұтас бір бейнеге айналып, «көк егіске көзін сүзеді». Өйткені, өзбек халқының тіршілігі егістік болғандықтан, қаласын, қаламасын Ташкенттің көзі егістікте болады.

Теңеге орап жазатын жыр ғой бұл да,
Неше түрлі түзесіз сырлы ойды да.
«Ұйқың тыныш болсын» деп күбірлейсіз
Ұйыған сүт секілді түн қойнында [1, 86 б.].

Лирикалық қаһарман қабылдауында бұл жақтың түнінің өзі «Ұйыған сүт секілді». Қарапайым тілмен айтсақ, тыныш түн, жым-жырт түн» дер едік. Күндізгі қым-қуыт тіршіліктің түнде тоқтап, басқа қозғалыссыз күйге ауысқанын сүттің айранға айналу процесіне дәл ауыстырған. Тағы да ақындық шеберліктің бір өрнегіне тәнті боламыз. Үлкен қаланың бір мезетте мүлгіп қалуын да «Ұйыған сүт секілді түн қойнында» бейнелі фразалық тіркеспен алмастырған. «Хиуаның базарындай» деп басталатын өлеңінде:

Бір жауын керек қырға
Кеберсіп ерні кепкен.

немесе

Бір жауын нөсерлеткен
Керек боп тұр маған да –
Күндерден есем кеткен
Озайын жырлап алға [1, 89 б.].

- деген өлең жолдарынан тағы да «жаңбыр» бейнесіне кезігіміз. Лирикалық қаһарман үшін кепкен қырға жаңбыр қаншалықты керек болса, оның ақындық шабытына да «поэтикалық образдағы жаңбыр» соншалық

керек. Ақын поэзиясында тура мағынадағы жаңбыр мен поэтикалық жаңбырмен кейде бірге, кейде бөлек алмасып бейнеленеді. «Мөлдiр жаңбыр», «нөсерлеткен жаңбыр» - Есенғалидің ақындық кредосы екендігін баса айтқымыз келеді. Өзге жердiн табиғатын сол жердегi ұлттық өрнекпен бірге астастырады. Мысалы: «Шәйге бөлеп мұнда, // Аршын төс келдi көктем». «Шәйi» деген мата өзбек ұлтына тән зат атауы. Лирикалық қаһарман көктемдi өзбекше «киiндiредi». Демек, лирикалық қаһарман табиғатқа өзбек ұлтының көзімен қарай білген сан қырлы сипатымен ерекшеленсе керек.

«Кешеу жапырақтар» өлеңі Қ.Мырзалиев айтқандай, «жыраулық қайнарлардан қайнап шыққан». Әсіресе, мұнда «дегенше», «десеңші», «дегенiн», «алғаның», «болғаның» қайталанып отыруы жыраулық поэзия стилін аңғартады.

Сарғайып біттім дегенше,
Сағынып біттім десеңші.
Сақталып қалған өлеңше,
Сарылып күттім десеңші.
Сарылып күттім дегенше,
Жалын құшақпын десеңші.
Жабығып бітім дегенше,
Сабырлы шақпын десеңші.

Жалын құшақпын дегенiң –
Көктемiндi ойға алғаның.
Сабырлы шақпын дегенiң –
Өтенiндi ойға алғаның.
Көктемiндi ойға алғаның –
Балғын жас, құрдас болғаның.

Өткенiндi ойға алғаның –
Тағдырлас, мұндас болғаның [1, 95 б.].

Лирикалық қаһарман жапырақтың сарғаюын сағыныш сезiмiмен байланыстырады. Жапырақтың өзiнен адам өмiрiне тән жас кезендерiн көредi. Өлең «жапырақтың» адам бейнесiнде суреттелуiмен ерекшеленедi. Жапырақты лирикалық қаһарман өзiмен тағдырлас, мұндас санайды. Өйткенi, сарғайған жапырақ көктемiн, балғын жастығын ойлап сарғайып тұрғандай. Жапыраққа адамға тән «сарылып күту», «жабығып біту», «сағыну», «өткендi ойға алып мұңаю» және «сабырлылық» секiлдi сезiмдер берiп күзгi жапырақтың бейнесiн адамша сомдаған. Бұдан бiз ақынның оқырманға әсер етудiң бiр психологиялық тәсiлiн көреміз. Жапыраққа адамға ғана тән өмiр берген. Өлеңнiң тағы бiр ерекшелiгi – философиялық ойдың аңғарылуы десек қателеспеймiз.

«Жаз өзі көшетiнiн ұқты бiлем» деп басталатын өлеңнiң алғашқы шумағында:

Жаз өзі көшетiнiн ұқты бiлем,
Жиналды қырат-қырдан түктi кiлем.

Сан жылдар сабылдырған бiр сағыныш
Санамның оянады түкпiрiнен.

Қазақ табиғат лирикасында көктемгi даланы кiлемге ұқсатпаған ақын жоқ шығар. Олардың «төсеп кеткен» кiлемiн Есенғали бұл өлеңде «жинап алады» («Жиналды қырат-қырдан түктi кiлем»). Өлең сонысымен ерекшеленедi. Мұнда жаздың көшуге дайындалып кiлемiн жинап алғаны қазақтың «көшу дәстүрiн» жаңғыртып, ұлттық нақышпен өрнектеген.

Мен ұқтым екпiнi боп ер көңiлдiң
Еспесiн ендi ерке желдерiмнiн.
Егiлген жағалауда жалғыз терек,
Жазған-ай, сен не бiлдiң, сен не бiлдiң? [1, 101 б.].

Келтiрiлген шумақтың соңғы екi тармағында мұндай табиғатқа қарата сөйлеудi Пушкин де көп қолданған екен. Өлеңде лирикалық қаһарман iшiндегi шерiн тарқатып, құлазыған көңiлiн жұбатқысы келедi. Лирикалық қаһарман үшiн табиғат – сырлас, мұндас досы. Қазақтың «Досы көппен сыйлас, Досы жоқпен сырлас», - деген мақалымен үндестiгiн көреміз. Өйткенi, лирикалық қаһарманның сырласып тұрғаны «досы жоқ» жалғыз терек.

«Есенғали өз өлеңдерiнде ұлттың мiнезi мен табиғатын ашатын образды сөздердi ұтымды да ұтқыр пайдалана бiледi» [2, 122 б.] - демекшi, **«Гүлтобылғы күзде ашады ақ гүлiн»** өлеңiнде табиғатта сирек кездесетiн құбылыс пен мiнез туралы сөз болады.

Қабак түйдi қара аспан,
Қар жауары хақ бүгiн.
Гүлтобылғы, жаңа ашқан
Құтты болсын ақ гүлiн!

«Күзде гүлдеу... бұл қалай?» -
Қуқыл тартты қия бет.
Мең-зең болып тұр тоғай,
«Мезгiлсiздеу, иә» деп.

Айналайын, елеме,
Арта берсiн ел өкпе.
Күз келдi деп, немене,
Қурай кету керек пе?

Осы үш шумақта табиғат құбылыстары әртүрлi бейнеде суреттелген. Басты бейне – қар жауатын кезде гүл ашқан «гүлтобылғы». Осы оқиғаға «қара аспан» қабағын түйедi, «қия бет» қуқыл тартып, тоғай «мең-зең» болып, «тал екi рет жылайды». Бұл өлеңнен Мағжан стилiн аңғарамыз. Мағжанның табиғат лирикасындағыдай («Сең», «Жазғытұры») Е.Раушановтың табиғат құбылыстары да бiр-бiр рөлге ие болғандығын байқатады.

Қорытындылай келе, Е. Раушановтың қазiргi табиғат өлеңдерiнде бой көрсеткен лирикалық қаһармандар бейнесi әртүрлiлiгiмен, жан-

жақты қырларының ашылуымен ерекшеленеді. Ақынның лирикалық қаһарманы поэзия әлеміне еркіндікті, асқақтық пен өрлікті, сезімталдық пен шынайылықты алып келгендігі белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – А.: Раритет, 2006. – 384 б.
2 Мырзабеков А. Ақ жауын. Әдеби-сын, мақалалар. – А.: Елорда, 2001. – 152 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 27.04.12 ж. редакцияға түсті.

Г.А. ЖУМАБЕКОВА, Р.М. МУТАЛИЕВА
ПРОБЛЕМА ЛИРИЧЕСКОГО ГЕРОЯ Е. РАУШАНОВА В
ПЕЙЗАЖНОЙ ЛИРИКЕ
G.A. ZHUMABEKOVA, R.M. MUTALIEVA
PROBLEM OF THE LYRICAL HERO IN E. RAUSHANOV'S LANDSCAPE
LYRICS

Резюме

В данной статье разносторонне рассматривается образ лирического героя в пейзажной лирике казахского поэта Е. Раушанова.

Resume

In this article the image of the lyrical hero in landscape lyrics of the Kazakh poet E. Raushanov is versatily considered.

ӨЖ 811.512.122: 81' 1

Г.Т. КӘРІПЖАНОВА ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДАҒЫ ТҮР-ТҮС КОНЦЕПТІСІ

Кез келген ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке ие. Түр - түстердің символдық мәні бар. Ол символдық мән әр халықта әр түрлі.

Мәдениеттегі түр-түс арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоционалдық қалпын, адамгершілік түсініктерін, ырымдарын, наным сенімдерін білдірген.

Түр-түс – ұлт мәдениетін танытатын бір тұғыр. Түр-түс ата-бабаларымыздың мифтік түсінігімен астасып жатады.

Түр-түстердің өзіндік сипаты, зерттелу тарихы, семантикасы, қолданылуы т.б. мәселелер төңірегіндегі зерттеуді Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбековтердің «Сырға толы түр мен түс», «Түр–түстердің тілдегі көрінісі»

еңбектерінен көруге болады. Бұл еңбектерде түр-түстің символдық мәні туралы қарастырылған: «Түр-түске байланысты» әр дәрежедегі, әр алуан, әр типтес символдардың пайда болуына о баста себеп болған не?» деген сұраққа: ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге көзқарасы, оларды сезінуі мен қабылдауы», - деп жауап береді [1,746].

Басқа халықтардағыдай қазақ халқы үшін де әлем екі түске – **ақ** пен **қараға** бөлінген. Оның бірі ақ түс-күллі игі, жақсы қасиеттер бернесі болса, көп жағдайда қара түс-жамандық біткеннің бедеріне ие: «Ақ» дегені – алғыс, «Қара» дегені – қарғыс»; «Ақ»пен «Қараны» шындық айырар»; «Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды»; «Ақтың отын ақымақ өшіре алмайды»;

«Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ, Шың жақсының ашуы бар, кегі жоқ»; «Ашамай нарға жарасар, ақ түйе барға жарасар»; «Ақ қар көп болса, ақ нан көп болар»; «Ақ сұңқар ұшар жем үшін, ер жігіт туар ел үшін»; «Ақ сөз ащы болар, ғайбат сөз тәтті болар»; «Аштың көңілі ақ ұнда, тоқтың көңілі сағымда»; «Ағын су арнасын табады, ақ адам орнын табады»; «Ақ бидайдың қадірін ашыққанда білерсің, ағарғанның қадірін қыс шыққанда білерсің»; «Ананың алды-ақ жаулық».

Абай Құнанбаев өлеңдеріндегі түр-түс символикасы өзіндік ерекшелікке, символдық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Мысалы, Абай Құнанбаевта ақ түс символдық мағынасында келіп, халықтың ұлттық танымдық жолын білдіреді.

Бисапсызға не керек

Істің ақ пен қарасы? (29 бет. Интернетта оқын жүр)

Бұл жерде ақ пен қара қарама-қарсы алынып, яғни істің дұрысы, адалдығы ақ, ал істің бұрыстығы қара деп алынған. Ис-әрекет дерексіз, деректі зат сияқты алынған, түсі де анықталған. Халық танымындағы «ақ» түсінің адалдық, пәктік, тазалық мағынасына сүйенген. «Қара» түсі де халық таныма сай мағынасында, яғни «ақ» түске антоним ретінде жұмсалған.

Абайда:

Аққа тартқан,

Жөнге қайтқан,

Ақыл айтар пенде жоқ. (129 бет. Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң)

Өлеңде ақ түсі халықтың ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы ретінде алынатын мағынасында жұмсалған. Қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс – **ақ** түс. Себебі, Өйткені бұл – қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Сондықтан да сүттің түсі қазақтың ұлттық танымында көптеген жағымды ұғымдардың нышанына айналған. Мәселен, дүние тұтқасы, барлық тіршіліктің бесігі,

адамзат өмірін өрбітуші ананы ақ ана дейді, оның махаббат-мейірімімен, іңкәрлік сезімімен қайнар бұлақтай құйылған тіршілік нәрін-ақ сүт атаған. Сондықтан қазақ үшін ең жоғары адамгершілік парыз – ананың ақ сүтін ақтау. Халық «аққа Құдай жақ» деп бекер айтпаған. Мысалы, Абайда:

*Ойым да ақ, жарым да ақ,
Кеңімді, тарамды
Қарасам пайымдап,
Сөзің сол сарынды.
(Болды да партия, 196 бет).*

Ақтың «тазалық» мәнін білдіруін қайтыс болған адамды ардақтап, қастерлеп қою салтынан да байқаймыз. Мысалы, Абайда:

*Ақ көйлекті бітіріп,
Кебінім деп киді, өлді...
(Асқа, тойға баратұғын, 103 бет),*-деген жолдар кездеседі.

Ақ түстің «таза» деген тура мағынасымен сабақтас ауыспалы, «басқа нәрсе араласпаған» мағынасының тектілігі, яғни хан, бек, төре тұқымына тәндікті аңғартатын да мәні бар. Ертеде ханды сайлағанда, оны ақ киізге отырғызып, топ алдынан көтеріп өтетін болған. Ақтың бұл сынды мағыналарымен «сұлулық», «келбеттілік», «әдемілік» ұғымдары астасып жатады. Мысалы, Абайда:

*Ақ тамақ, қызыл жүз,
Қарағым, бетінді аш!
Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас.
Аузың бад, қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас.*

*Ақ етің үлбіреп,
Өзгеше біткен гүл.
(Көзімнің қарасы, 115 бет)*

Ақ түстің «киелілік», «қасиеттілік» мәнін әулие - әнбиелерді сипаттауынан да көруге болады. Мысалы, халық ұғымында Қыдыр бабамызды ақ сақалды, ақ сәлделі, ақ шапанды қария ретінде сипаттайды.

Ақ түсті жақсы ниет, ырым, жақсылық деп есептеген қазақтар ырымын да ақ қой сойып бата алу да кездеседі.

Отқа май салынып, келінің беті ашылғаннан кейін сол жақтағы келінді енесі шақырып оң жаққа отырғызады. Сонан соң ортаға ақ бұл тастайды. Оны отырғандар бөліп алады. Мұнадағы мән: бірінші, келінді өзінің қызындай көретіндігін, оның өз қызы отырған қадірлі орынға лайық екенін білдіреді; екінші, ортаға ақ бұл тастау – түтін басынан молшылық, жақсылық үзілмесін дегені.

Ақ түстің «таза» деген ауыспалы, «басқа нәрсе араласпаған» мағынасы тектілікті, яғни хан, бек, төре тұқымы деген ұғымды береді. Мысалы: ақсүйек,

ақ орда, ақ үй т.б. ертеректе хан сайлағанда, оны ақ киізге отырғызып, топ алдынан көтеріп өтетін болған. Ақ түсі сонымен бірге «сұлулық», «келбеттілік», «әдемілік» ұғымдарын білдіреді. Мысалы, ақ құба, ақ тамақ, ақ мандай, ақ дидар, ақша бет, ақ білек т.б. тұрақты сөз тіркестері тілімізде кездеседі.

Борандай бұрк-сарқ етіп долданғанда
Алты қанат ақ орда үй шайқалды (Қыс, 55 бет)

Алты қанат ақ орда қазақ ұғымындағы сұлулықты, әдемілікті бейнелейді.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
(Біреуден біреу артылса, 64 бет)

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қара сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден *түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қаранайымдылық* мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. *Қара* сөзінің тура мағынасы – *«ақтың қарама-қарсы түрі»*. Бұл оның негізгі мағынасы. Қазақ мәдениетінде ақтың антиподы ретінде *қара* түс қолданылып, ақ-қара бинарлық жүйесін құрайды. Мысалы, Абай ақын өлеңіне үнілсек,

*Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек. (Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек, 11 бет)*

Сонымен бірге ақ-күннің, қара-түннің символдық белгісі. Осының негізінде мәдениеттанушы ғалымдар Ж. Каракузова, М.Ш. Хасанов бұл түстерді әйелдік және еркектік сипаттарға ие деп санайды. Бұдан жұптық бейне, яғни тіршіліктің негізі танылады. Дүниеде қарама-қарсылықсыз еш нәрсе жоқ. Қарама-қарсылықсыз дамудың жүзеге асуы да мүмкін емес. Бұл – дәлелденген диалектикалық өмір заңы. Оны нақты түрде былай деп көрсетуге болады: ізгілік пен жауыздық, әділеттілік пен әділетсіздік, адалдық пен арамдық, пайда мен зиян т.б. Демек, өмірдің мәні қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін тану, жеңу болса, сол түсінік қазақ ұғымында ақ пен қара айналасынан орын алады. Сонда қуаныштың, адалдықтың, сән-салтанаттың, жақсылықтың символына айналған ақ түске қарама-қарсы қайғы-қасіреттің, жамандықтың белгісі ретінде қара түс.

Абайда:

Қара басқан, қаңғыған

Хас надан нені ұға алсын? (Өзгеге, көңілім, тоярсын, 98 бет),
- түрінде кездеседі.

Мысалы: **«Қара** жерге қарыз арқалама»; **«Қара** жерді жамандама – қайтіп сонда барарсың, Қауым елді жамандама – қарғысына қаларсың»; **«Қара** күн басына тумай **қара** су кешпе»; **«Қасапшыға мал қайғы, Қара** ешкіге жан қайғы»; **«Жауды қара** қашырды, Батыр атақ Барақта қалды»; **«Өрмекшінің торы – қара** шыбынның соры»; **«Кеменгер келістіден шығар,**

Қара байыр желістіден шығар»; «Көрі атың мақтаған қара жаяу қалар»; «Қазанға жолама, қарасы жұғар, Жаманға жолама, жаласы жұғар»; «Қайғысы жоқ адамға қара көже балмен тең, Қайғысы көп адамға кең дүние жермен тең»; «Қара көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар»; «Жаман адам – құлқынның қара қабы, Жаксы адам – адалдықтың тағы»; «Жақынынды жаралама, Алысты қаралама».

Абай өлеңдерінде:

Қара қарға сықылды шуласар жұрт,

Кім көп берсе, мен соған серт берем деп. (Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман, 13 бет) немесе

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,

Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.

Қайғы-қасіреттің белгісі европалықтарда – қара түс, ал австралиялықтарда – ақ түс болған десе, қазақтар үшін – қара түс. Оған тіліміздегі: қара жамылды, қара қағаз, қаралы ат, қаралы дауыс, қаралы болды, қаралы күн тәрізді сөз оралымдары дәлел болады. Абайда:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да. (Жарқ етпес қара көңілім не қылса да, 90 бет)

Қара түс бұл өлең жолдарында қайғылы, уайымға салынған деген мәнді арқалайды.

Қаралы үйге қара тігуде қайтыс болған кісінің жас ерекшелігі ескерілген. Егер өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы адамға – қара, ал қарт болса – ақ орамал байлаған.

Қара жамылу орта жастағы адам қайтыс болып, әйелі мен балалары жетім қалуына байланысты айтылған. Себебі қазақтар қаралы киімді әдейі тікпеген. Орта жастағы адам қайтыс болғанда әйелдер әшекейін алып тастап, иығына қара жамылған. Еркектер белін буып, қолына таяқ ұстаған. Қазақ салты бойынша күйеуі қайтыс болған әйел қара киінген, қызы үстіне ақ киім, басына қызыл бөрік киген. Күйеуі қайтыс болған әйел басына қара жаулық салса, ұлын жоқтаған ана басына ақ орамал тартқан. Ара-тұра осы тәріздес синкретті қолданыстар орын алса да, қазақ үшін қайғы белгісі-қара түсін қолдану кең етек алған деуге болады. Абай Құнанбаев поэзиясына да қара түс осындай мәнге ие.

Қайғың болар шермен тең,

Қара көңілім жермен тең (Қыз сөзі, 85 бет).

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,

Бір сараңнан басқаның пейілі егер.

Ғалым Б. Қасым қара түске байланысты толыққанды тұжырым жасаған: «Қара сөзінің архисемасына зер салсақ, көне түркі тілінің өзінде бірнеше

мағынасы болған. Ал монғол тіліндегі хар сөзі қазақ тілінде қара, өзінің мағыналық жағынан үйлесіп, сәйкес келеді. Көне түркі тілінде де, монғол тілінде де және басқа түркі халықтарының тілінде негізгі мағынасы мен кейінгі мағыналық дамуы бірдей деуге болады. Барлық тілде де жалаң, күрделі түрде де қолданылған. Көне жазба ескерткіштегі: 1. қара (түс); 2. түнек (жарық жоқ); 3. ауыс. Бақытсыздық, сәтсіздік, қайғылы; 4. ауыс. Жамандық, қара көңіл; 5. ауыс. Күнделікті, жай; 6. лас» [2, 97 б].

Әйтсе де, ортақ ұқсастықтармен қатар, қара түске байланысты ұлттық дүниетанымымызда ерекшеліктер де байқалады. Қара түс «қасиетті» деген мағынаға да ие, мысалы, «Қара домалақ қазақ баласы», «Қаракөз қазақ қызы», «Қара шаңырақ» тіркесін талқылайтын болсақ, жалпы шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға, соның ішінде от басындағы кенже ұлға мирас болар, үлкен үй мағынасында қолданылатын түркі әлемінде-мәдениеті мен дүниетанымында өте бір маңызды да, мәнді концептілер құрамына енеді. Оның дөңгелек формасының өзі символикалық белгілер жүйесінде шексіздік, ұрпақ жалғастығын білдіретінін де айта кеткен жөн. Абайда:

Өзім де басқа шауып, тоске өрледім,

Қазаққа қара сөзге дес бермедім. (Жасымда ғылым бар деп ескермедім, 10 бет). Қара заттың түсін білдіретін негізгі мағынасынан әлдеқайда кең ұғымда. Демек қара өлең дегеніміз – байырғы өлең, өлеңнің бастапқы қалпы деген сөз. Қара тас, қара халық, қара сөз, қара көңіл деген тіркестердегі анықтауыштар тек түсті ғана білдіріп тұрмағандығы түсінікті: қатты, селт етпейтін жансыз, қатып қалған тас, негізгі халық, бастапқы сөз, қайғылы көңіл деген ұғым береді. Өлеңдегі қара сөз- «Қасиетті қара өлең» деген сөздегі оймен мәндес, яғни шешен сөз деген ойды береді. Сөздің түсін анықтап тұрған жоқ, шешен сөз, қызыл сөз, қасиетті сөз деген мағынаны білдіреді.

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә. Марғұлан: «Көк түс-көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл-көктемнің, жастықтың символы», - деп жазады [3, 256 б].

Түр-түстің символдық мағынасына байланысты ғалым Ислам Айбарша: «Түр-түсті білдіретін символдар жүйесі қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады» - дейді [4, 21 б].

Ата-бабаларымыз дүниені төрт бұрыш деп түсініп әрі әр бұрышқа өзіндік символдық реңк – түс берген. Атап айтқанда, шығыс-көк түс, оңтүстік – қызыл түс, солтүстік – қара түс, батыс – ақ түс деген күн айналымына негізделген таным. Қазақ ұғымында «көк» түс – аспанға берілген оның тәңірлік сипаты болған. Мысалы: «Күн сіркіресе, көк дүркірейді»; «Сәуір болса, күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер»; «Жаманның тілі ашы, Көк мияның гүлі ашы»; «Көп ұнатса, көк тоқтыны сойып ал»; «Көбік қарда түлкі ойнар, Көк көрпеді жылқы ойнар» т.б. Көк түйнек, көк сабақ, көк сағал

дегенде егістің, бақша дақылдарының *әлі піспеген, шикі* екенін білдірген. Абай өлеңінде осы көк түстің жас деген мағына бергендігін аңғарамыз.

Көп жасамай, көк орган,

Жарасы үлкен жас өлім. (Немере інісі өлгенде айтқаны, 170 бет)

Көк- жас деген мағынаны береді.

Біреуі –көк балдырған, бірі –қурай,

Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз? (Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында, 174 бет)

Көк түс- көктем мезгілін, жас шөптің шығуына байланысты жыл мезгілін суреттеп тұр.

Адамның кейбір кездері

Көңілде алаң басылса;

Тәңірінің берген өнері

Көк бұлттан ашылса. (Адамның кейбір кездері, 179 бет)

«Көк судың тоғы болмас» дегенде нәрі жоқ деген мәнде жұмсалады. Көк бұлт деген- уайым мен қайғыдан серпілсе, алаңсыз күй кешсе деген ойды ашуға жұмсалады. Ал мына жолдарда **көк** түсі тура мағынада.

Көк ала бұлт сөгіліп,

Күн жасауды кей шақта. (Көк ала бұлт сөгіліп, 180 бет)

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,

Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек. (Көк тұман –алдындағы келер заман, 186 бет)

Адамның мінез ерекшелігін береді. Көк лексемасы түсті білдіріп тұрған жоқ. Көк түсі топтан ерекшелендіріп, дараландырып тұр. Көк бөрі деген тілімізде ұғым бар. Көк – қасиетті, мықты деген ұғымды білдіреді.

Көк түсті киелі санаумен байланысты халық шығысты да қасиетті санап, шығысқа қарап тілек тілеген, киіз үйдің есігін шығысқа қаратып ашқан. Бұның бәрі ұлы«көк»аспан тәңіріне табынудан келіп шыққан. Демек, көк түс- адалдықтың, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы ретінде танылған. Бұл- халық танымының айнасы. Ол халық рухының бет-пердесін, ұлттық рухтың шырқау биікке, жоғарыға, тазалыққа, руханилыққа ұмтылысын танытады. Сонымен қатар тілімізде **көк түсі** – тек зиялылық, қарапайымдылық, ойлылық, іскерлік т.б. реңктерді білдіріп қоймастан, әр түрлі ойсыздық, сенімсіздік, тұрақсыздық т.б. ұғымдарының белгісін сипаттайтынын айта кетуге болады.

Қызыл түс о баста Күннің, Оттың түсіне байланысты қабылданып, күні бүгінге дейін көптеген халықтар үшін солардың символы ретінде қасиетті түс болып саналады. Мысалы: «Қылымсыған қыз **қызыл** көйлек киеді»; «Ананың көзі қызында, қыздың көзі **қызылда**» т.б. Сонымен қатар, қызыл түске қатысты мақал – мәтелдер: «Ашуы қысқанның көзі **қызарар**, Ашуы басылса, жүзі **қызарар**»; «**Қызыл** тілден ашығанда у тамар»; «Қиядағы

қызыл түлкіні, қияннан соққан бүркіт алар»; «Өнер алды – қызыл тіл»; «Қызыл гүл де қурайды»; «Қисық бұтаққа да **қызыл** жиде бітеді»; «**Қызыл** жұлдыз күндіз де, түнде де жарқырайды».

Абайда:

Сайра да зарла, қызыл тіл,

Қара көңілім оянсын.

Қызыл лексемасы - бұл жерде шешен сөз деген мағынада.

Сонымен бірге, қызыл сөзінің «жас, жаңа туған» деген де мәні бар екенін тіліміздегі қызыл шақа, қызыл қарын жас бала т.б. мысалдармен қатар тұрмыстық салт-дәстүрлер де көрсетеді. Мысалы, қазақ әдеті бойынша жаңа туған баласы бар үйге қызыл жалау байлаған. Мұны көргендер, атпен, көлікпен қатты жүріп келмеген. Қатты келсе, бала шошып қалады деп ойлаған.

Абай өлеңдеріне келер болсақ, қызыл түсінің символдық мәнінде қолданғандығына көз жеткіземіз.

Мысалы,

Толғауы тоқсан қызыл тіл

Сөйлеймін десең, өзің біл

Қызыл түс – өткірлік белгісі. Сөйлеуде, поэзияда сөздің шебер қолданысында қызыл түс тура мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылуы жиі кездеседі.

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»,

Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,

Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.

Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,

Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Бұл жолдарда сырлы, бояулы, айшықты сөз емес деп ойламаңыз, қарапайым болса да мағыналы сөз деген ойды білдірген. Ақын өлеңінде «Қызыл» түсті – шешен, өткір тіл деген мағынада жұмсайды.

Азаль ақ көрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Қызыл арай сары алтын шатырына

Күннің кешке кіргенін көрді көзім. (Жазғытұры, 100 бет)

Табиғи құбылыстарға байланысты туындаған қызыл сөзімен тіркестегі *қызыл іңір, қызыл арай, қызыл су* тіркестері күнге қатысты алынғандығын Абай поэзиясында кездестірдік. Мысалы, берілген үзіндіде қызыл түсті алуға болады.

Қызыл балақ қыранның

Балапанын дерт алды.

Көп жасамай, көк орган,

Жарасы үлкен жас өлім. (Немере інісі өлгенде айтқаны, 170 бет)

Қызыл балақ қыранның- деген тіркестегі қызыл сөзі мықтылық деген ұғымды үстейді. Мықты болса да балапанының өліміне араша түсе алмайды.

Қызыл түсі қайғы-қасірет, қиыншылық, өлім ұғымының орнына да қолданылады. Мысалы Абайда:

Қыс-қыстаудың – қып-қызыл ол бір пәле,

Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр. (Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, 18 бет)

Ақын қыстың қысымын қызыл түс арқылы суреттеп отыр. От, соғыс, қиыншылық қызыл түс арқылы да бейнеленеді. Қызыл түс жастықтың, әдемілік, сұлулық, өткірліктің символы болумен қатар, қатыгездіктің, ашудың белгісін беретін тұстары да бар екен.

Қазақ танымында ерекше күрделі мәні бар түс – ала түс. Ала түс «әр түрлі түсті» деген ұғымынан абстракцияланып, «ынтымақ-бірлігі жоқ, пәтуасыз» деген мәнді білдіреді. Оған тіліміздегі келесі мақал-мәтелдер куә: «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды»; «От басы ала болса, Кереге бас сайын пәле болар»; «Ала аяқ күніні алпыс аттайды»; «Жылан шаққан адам ала арқаннан аттамайды»; «Адам аласы ішінде, Мал аласы сыртында»; «Ақымақтың ала, құласы болмайды»; «Бір биеден ала да, құла да туады»; «Көздің аласынан сөздің аласы жаман».

Абайда:

Сабырсыз, арсыз, еріңшек,

Көрсекызар, жалмауыз,

Сорлы қазақ сол үшін

Алты бақан ала ауыз.

(Сабырсыз, арсыз, еріңшек, 40 бет)

Ала сөзінің тұсау кесуде қолдануы да ерекше назар аудартады. Тұсау кесу - өмір жолының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасалатын ырым. Осы арада баланың аяғына не себепті ала жіп байланады, қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған қатысты мәліметті А. Ғұзыханнның «Қазақтардың дүниетанымы» еңбегінен кездестіреміз: «Көпшілік жағдайда тұсау кесуде ала жіп алынады. Ала жіпті пайдаланудың өзіндік мәні бар. Лұқпан хәкімнің айтуы бойынша, өмірде он жүп болады. Солардың бірі – ақ пен қара. Есілген жіптің бір қабаты – ақ, екінші қабаты қара-болып келеді. Жіптің екі қабаты ажырамастай астасып, кезек алмасып, тығыз өріліп отырады. Бұл тоқтаусыз ауысып келіп отыратын күн мен түннің белгісі. Сонымен қоса, жалпы өмір, тіршіліктің ишара тұспалды бейнесі болып саналады. Сондықтан да қазақ халқы ала жіпке киелі деп қарап, айрықша мән берген. «Біреудің ала жібін аттамау» деген сөз көпшілікке түсінікті, кісіге қиянат жасамау мағынасында қолданылады» [5,36-376].

«Ала жіпті қолдану» ала жіпті аттамайтын адал азамат болсын, пәле жаладан сау болсын деген тілектен туған. Сол жіппен енді-енді апыл-тапыл

басуға ұмтылған баланы кәдімгідей тұсап, оны аяғын жылдам басатын адамға қидырады. Жайбасар, сүріншек адамдарға кестіртпейтіні де белгілі. Баланың тұсауы кесілген соң, қолынан ұстап тез-тез бастырады, жүгіртеді, шашу шашылып, тұсау кесер жыры айтылады. Тұсау кесу-адам өмірінің жана сатысы, ырым арқылы орындалатын адамның жолын ашудың символы. Тұсаудың негізгі қызметі аттың ұзаққа кетіп қалмауы үшін ат аяғына салынатын құрал екені мәлім. Яғни тұсау-жүруге кедергі болатын зат. Ырымның негізі енді – енді жүре бастаған сәбидің аяғын байлап тұрған тылсым күш бар, соны қиып жіберсе, бала жүгіріп кетеді деген магиялық ұғымнан туған. Адам өмірінде де көп кедергілер болып, жолы болмай жүрген кездері болады. Сондықтан да баланың жолында кедергі болмасын деп, тұсауды қиюы «енді жолы ашық болады, жолы болғыш болады» деп жақсылықты ырымдаудан туған. Бұл ұлт мәдениетінің өзіндік бір көрінісі ретінде бүгінгі күнге де жетіп, жалғасын тауып отыр. Біздің көңіл бөліп отырғанымыз-тұсау кесу салтында ала жіпті қолданудың символдық мәні.

Ала жіп билік айту үстінде де қолданылады. Араздасқан екі адамды билер татуластырған кезде оларға ала жіп ұстатып тұрып, ортасынан қиып жіберетін болған. Ала жіпті қиюдың мәнісі: егер уәде бұзып, бір-бірімізге жаулық жасасақ, Тәңір бізді жазалап, осы жіптей қиылып қалайық деген ұғымның символдық белгісі. Қазақта ешкімге қиянат жасаған жоқпын дедудің орнына, “ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын” дейтіні де сондықтан. Яғни ала жіп-қасиетті ұғымның символы. Ит-күс тимесін, кірмесін деп, қораға ала жіп құрып қоятын салт та осыған меңзейді.

Ала жылан, аш бақа күңілдектер

Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр.

Ақын өлеңіндегі ала түсі мұнда өмір, тіршілік, қарама-қайшылық сияқты ұғымдармен байланысты алынады. Мына өлең жолында «ала» лексемасы түсті ғана білдіріп тұрған жоқ, жылан сөзімен, яғни метонимиямен қатар келіп, зұлымдық, жаманшылықты береді.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты

Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз, қара көзі айнадайын,

Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,

Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,

Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

(Білектей арқасында өрген бұрым, 87 бет)

Ала – тура мағынасында да қолданылған.

Демек, ала түс ақ пен қара түстерінің араласуынан туған тура мағынасының негізінде абстракцияланып, бір жақты емес мәндерімен астасып жатады.

Қазақ халқының түсінігінде момындық, қарапайымдылықты бейнелейтін түс – **қоңыр** түс. Қоңыр түстік мағынасынан басқа мынадай: қоңыр күй,

қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр кеш, қоңыр жел, қоңыр қабақ, қоңыр саз, қоңыр самал, қоңыр салқын, қоңыр тірлік, майда қоңыр, қоңыр дала түрінде қолданыс тауып, күнделікті тіршіліктің жанға жайлы, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *қоңыр* түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: *қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн*. *Қоңыр* – алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі.

Абай өлеңдерінде:

Қоңыр көрер, кем көрер.

(*Менсібеуші ем наданды, 118 бет*)

Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,

Бейіштің үні шығар қоңыр салқын.

(*Дж. Байрон – М.Ю. Лермонтовтан, 132 бет*)

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен,

Адалдыққа бар елдің зоры Бәкен. (Қыздарға, 149 бет)

Сары түсінің де қазақ және басқа тілдерде негізгі түстік мағынасынан басқа ауыс мағыналары бар.

Сөздіктерден алынған сөздерді саралау арқылы **сары** сөзінің нышандық белгісін және түрлі мағыналық ерекшелігін айқындауға мүмкіндік туды. **Сары** сөзінің алдымен мынадай мағыналық түрлері байқалды: түстік мәні, тоқшылық, бейбітшілік мәні, парасаттылық, толысандылық, уайым-қайғы мағыналары. Бұлар сары түсінің тілдік таңбалық ұғымын да білдіреді.

Сары сөзінің ауыспалы мағынасы тілімізде жағымды, жағымсыз түрдегі таңбалық белгімен көрінеді:

Сары – байлықтың белгісі. Тілімізде кездесетін «Қағанағы қарық, сағанағы сарық» тіркесінің бүгінде мағынасы көмескі секілді көрінгенімен, бұндағы *сарық* сөзі алтын, яғни көл-көсір байлық мәнінде қолданылғандығын байқауымызға болады.

Абай поэзиясындағы көрінісі:

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!

Сабыр түбі – сары алтын.

Сары сөзінің бір мағынасы – кеңдік. Тілімізде сары сөзі дала, арқа, жазық, бел, жайлау т.б. көптеген сөздермен тіркесе келіп, кең, шексіз, ұшы қиыры жоқ деген мағыналарды білдіреді.

Абайда:

Самородный сары алтын,

Саудасыз берсең алмайды

Саудыраған жезіне.

Саудырсыз **сары қамқаны**

Садаға кеткір сұрайды

Самарқанның бөзіне.

(*Патша құдай, сиындым, 27 бет*)

Қымбат пен арзан дүниені салыстыру мақсатында жұмсалған.

Сұр түс те қазақ танымында өзіндік мәнге ие. Мысалы, суықтық, ызғар, қиындық сұр арқылы бейнеленсе, адамның көңіл күйі, салқындық, долы мінез, ренжу, қиналу сәттері сұр түс арқылы беріледі. Мысалы,

Күнгірт көңілім сырласар

Сұрғылт тартқан бейуаққа,

Төмен қарап мұндасар,

Ой жіберіп әр жаққа. (Көлеңке басын ұзартып, 205 бет).

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.

Сұр бұлт тек бұлттың түсін ғана сипаттап тұрған жоқ, сонымен бірге ызғар, күзгі суық, жаңбырлы, қыс ызғарының лебі сұр түс арқылы бірге өріледі.

От жақпаған үйінің **сұры** қашып,

Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы. (Күз, 52 бет)

Сұры қашып, күйісі кетіп, берекесі кетіп деген ауыспалы мағынада жұмсалған.

Сұрғылт тұман дым бүркіп

Баркыт бешпент сулайды.

127 бет (Сұрғылт тұман дым бүркіп)

Тұманның түрі ғана емес, суықтық та беріледі.

Демек, кез – келген мәдениеттегі түр-түс өзіндік символдық мәнге ие болып келеді. Бұл тәрізді символдар адам баласының сан ғасырлық тәжірибесінен қорытылып шыққан, тарихи жағынан қалыптасқан белгілі бір түсініктің, философиялық ой мен ұлттық дүниетанымының жемісі.

Қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі символ сөздерде жасырынған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір түр-түстік символдар халықтың рухани-материалдық мәдениетінен де, салтынын да орын алады. Бұл әр халықтың түр-түс табиғатын өзінше танып, өзінше анықтап, өз тілінде ат қойып, күнделікті қолданысына енгізуіне байланысты болса керек. Әлем бейнесі мен ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен сенімдері, сол тілде сөйлейтін халық тарихы көрініс табатын кез-келген халық ұғымындағы түр-түстік символдар баға жетпес лингвистикалық қазына болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қайдаров Ә, Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

2 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. - Алматы, 2001. - 313 б.

3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. - Алматы, 2004, - 251 б.

4 Ғұзыхан А. Қазақтардың дүниетанымы. - Алматы, 2001. - 137б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 19.01.12. редакцияға түсті.

Г.Т. КАРИПЖАНОВА

КОНЦЕПТЫ ЦВЕТА В ПОНЯТИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ КАРТИНЫ МИРА

G.T. KARIPZHANOVA

THE CONCEPT OF COLORS IN THE NATIONAL PICTURE OF THE WORLD

Резюме

В статье определяются характерные черты концепта «цвета» на основании произведений Абая Кунанбаева.

Resume

In the article the characteristic features of the concept of «colors» on the basis of creations of Abay Kunanbaev are defined.

УДК 80

М.С. КУЛАХМЕТОВА, А.С. САРСЕНБАЕВА, Е.А. ХАРЧЕНКО
ОБРАЩЕНИЕ В КАЧЕСТВЕ
КОНТАКТОУСТАНОВЛИВАЮЩЕГО СРЕДСТВА

Обращенность к адресату является неотъемлемым признаком коммуникации.

Под адресацией понимаются способы отражения в тексте адресата, к которому обращена коммуникация. Р. Якобсон определил понятие «контакта» не только как физический канал, но и как психологическую связь между адресатом и адресантом, обслуживающую возможность установить и поддержать коммуникацию [1, 198]. «Коммуникативный контакт предполагает такое взаимодействие собеседников, при котором производится

передача информации и тем самым осуществляются конкретные цели собеседников - цели передачи сообщения» [2, 214].

В языке выделяются специальные средства, служащие привлечению внимания собеседника. Данные средства позволяют установить первичный контакт с собеседником, привлечь его внимание, то есть выполняют контактоустанавливающую функцию, создать благоприятную и непринужденную обстановку для общения, а также создать необходимые условия для продолжения общения впоследствии. Одним из важнейших средств привлечения внимания собеседника является обращение.

Исследователь Вольфганг Гладров предлагает в основе различения разных типов обращений анализировать признаки дистантности – контактности и знакомства – незнакомства адресата:

1. Реализация фактора дистантности со знакомыми:

- *Meine Dame*, – *entgegnete ich*, - *vielleicht stellen Sie das Leben eines Schwarzenhaendlers allzu rosig vor* [6, 88].

- *Oh, Emperor, Emperor*, a *miracle...*[7, 67].

2. Реализация фактора дистантности с незнакомыми:

- *Mein Herr*, - *gab ich zurueck*. – *Es gibt keine Herren*, - *rief er zornig*. *Wir sind alle Kameraden* [6, 114].

Won't it ever come back, mister? [7, 211].

3. Реализация фактора контактности со знакомыми:

- *Timm*, *hoerst du, Timm?* [6, 45].

- *See, baby?* *Something bright. Something pretty* [7, 119].

4. Реализация фактора контактности с незнакомыми:

- *Слышь, друг!* – окликнул его белобрысый [5, 73].

- *Hallo, meine Schoene!*

- *This boy's an appreciator of arts. What's your name, lad?* [7, 34].

Система обращений в исследуемых в пределах данной статьи языках зависит от ряда факторов, которые можно объединить в следующие группы:

1. Социальный – предполагает официальный статус участников коммуникации. Так, в русском речевом этикете считается приемлемым обращение начальника к подчиненному по фамилии, в обратном случае – по имени – отчеству. Это считается недопустимым в ситуации немецкого речевого общения; в первую очередь, это замечание касается обращения к женщине. В этом случае употребляется форма «*Frau + фамилия*» (при обращении к мужчине – «*Herr + фамилия*»). В английской речевой культуре в данной ситуации приемлемо употребление сочетаний «*Mr., Mrs., Miss + фамилия*», «*Sir*».

2. Критерий родства. По отношению к детям принято обращаться по имени, при обращении к родителям используются термины родства:

- *Vater*, - *sagte Lena* [6, 78].

В английском языке используется наряду с официальными («*father, mother*») также и разговорные формы («*dad, daddy, pa, mum, mummy*»):

- *Daddy, Mommy, come quick – quick...* [7, 118].

Различия касаются обращений между родственниками в первый раз: в русской языковой культуре преимущество отдается обращению по имени – отчеству, в то время как в немецкой и английской используется термин родства и имя: «*Tante Helena*», «*Uncle Jack*».

Интересным с точки зрения речевого этикета представляется употребление терминов родства в отношении к неродным. Представители православной культуры обращаются к священнику, используя формулу «*лексема-обращение + имя*» [8, 41]:

- *Отец! Отец!... Слушай сюда!...* [5, 453].

В католической церкви в Германии употребляются в таких случаях обращения «*Hochwuerdige*», «*Herr Pfarrer*», в евангельской - «*Herr + фамилия*». В англоязычных странах для обращения к настоятелю собора используется титул: «*Mr. Dean*», к приходскому священнику – «*Rector*», к военному или больничному священнику - «*Chaplain*».

3. Как указывалось ранее, характерным для немецкого и английского речевого этикета является употребление слов «*Herr*», «*Frau*», «*Mr.*», «*Mrs.*» в сочетании с фамилией. Нужно отметить, что в прагматическом плане обращения «*Наталья Сергеевна*», с одной стороны и «*Frau Berger (Mr. Jones)*» с другой совершенно адекватны. Характерным для трех языков является опускание фамилии адресата. Различия касаются тех случаев, когда предполагается выбор адресата, например, в университетской практике используются обращения «*Herr Professor Schmidt*», «*Frau Doktor Schulze*». В английском языке в научных кругах также принято обращаться по званию: «*Senior*», «*Dean*», «*Professor*». Сочетания обращения и титула характеризуют немецкий речевой этикет в том случае, если собеседники лично не знакомы: «*Sehr geehrter Frau Kollegin, wir danken Ihnen fuer Ihre Zusage*».

В ходе анализа фактического материала были отмечены случаи употребления титула «*Doctor*» без лексемы-обращения; в таком случае подразумевалось обращение к врачу:

- *Doctor!* – cried Charles. – Hurry, take off my blankets! [7, 230].

Строго регламентированными формами обращений в Германии являются академические титулы, звания, употребляемые в области милиции и армии: «*Herr Wachtmeister*», «*Frau Oberarzt*». В английском языке обращение к военнослужащим представляет собой указание на звание с фамилией (или без нее): «*Admiral (Brown)*», «*General*», «*Captain*». Выделяются, кроме того, обращения к полицейскому по званию: «*Sergeant*», «*Inspector*». Российские правила речевого этикета предусматривают обращение к военнослужащим с помощью титула «*товарищ*»: «*товарищ подполковник*». Кроме того,

данное слово в результате семантических преобразований стало близко по значению слову «*друг*». В результате анализа фактического материала было зафиксировано употребление данной лексемы в форме множественного числа при обращении к некоторой группе людей:

- Мне, допустим, это все равно, но где же правда, *товарищи*? [5, 426].

4. Проблемы при обращении к адресату возникают в том случае, если собеседники незнакомы друг с другом. В английском и немецком языке, (в отличие от русского), существуют нейтральные формулы, позволяющие подчеркнуть официальный статус адресата: «*Miss, Ms, Mrs, Mr, Lady + фамилия*»; «*Herr, Frau, Fraeulein + фамилия*».

В основном, при выборе адекватной ситуации общения формы обращения, адресант руководствуется следующими факторами: учет возраста, степени официальности, социальное положение. Так, на научном симпозиуме уместным будет являться обращение «*Дамы и господа*». В немецком языке данное обращение сопровождается притяжательным местоимением 1-го л. единственного числа – «*Meine Damen und Herren*», в английском языке обращение представляет собой полный перевод с русского).

Для обращения к одному незнакомому в рассматриваемых языках прослеживаются вторичные лексемы-обращения: «*девушка*», «*молодой человек*», «*парень*», «*junger Mann*», «*dear*», «*little girl*» и подобные:

- Here, boy, what're you doing out so early? – said the man behind him [7, 123].

- Die Jungen haben immer weniger Geld, werden immer frecher, die Schnaepe werden immer schlechter und teurer. Prost, *mein Junge!* [6, 116].

5. Русскому языку свойственны звательные формы с усечениями основ и употребление отчества при обращении к более старшему собеседнику:

- *Ань*, ты случайно не видела карбюратор? [5, 6].

- Здорово, *Петрович!* Как житуха? [5, 230].

В процессе сравнительного анализа фактического материала было установлено, что при неформальных отношениях коммуникантов возможно применение адекватных обращений: «*дружнице, голубчик, браток; darling, sweetie, honey; Schaezchen, Liebster, Suesse*». Обращения подобного рода не характеризуют партнеров по коммуникации, а способствуют передаче оперативного характера.

Сравнительный анализ употребления обращений в русском, немецком и английском языках позволил выделить следующие группы обращений:

1. Наименование членов семьи, термины родства

- *Брательник!*, - *заревел* Игнатий, растопырив руки. – Васька! – И пошел на него [5, 143].

- *Vater!*, - sagte Lena. - Ich hielt es nicht aus, Vater. Ich bin einfach weggegangen von ihm, und ich will ihn nie mehr sehen... [6, 94].

- *Daddy, Mommy, come quick – quick!* [7, 213].

2. Обращение к коммуниканту по имени

Характер общения (степень официальности) в данном случае играет решающую роль при выборе языковых средств для привлечения внимания собеседника. В зависимости от статуса коммуникантов подбираются наиболее подходящие способы достижения перлокутивного эффекта:

- *Николай*, кто велел-то?
- Да сам он! ...Вишь, морду воротит, черт.
- *Шурыгин*, прекрати своевольничать!... [5, 440].

3. Обращения, представляющие собой указание на профессию, звание или титул коммуниканта.

Характер обращения в этой группе, преимущественно, официальный: типичны ассиметричные отношения коммуникантов. Официальный характер общения предполагает соблюдение строгих правил коммуникативного поведения; часто употребляются клишированные, стереотипные формулы и высказывания. Статусные роли, в пределах которых выступают коммуниканты, классифицируются по профессиональным и служебным признакам.

“*Oh, Emperor, Emperor, a miracle!*”

- *No, guards!*- The guards came running. – Hold this man. – The guards seized the flier [7, 223].

4 Обращение, адресованное незнакомому человеку. Основная интенция говорящего в подобном случае – инициировать коммуникативный акт, выделив адресата (группу адресатов) из толпы, присвоив ему характерный социальный, возрастной или служебный признак.

- *Kamerad*, - sagte der immer noch Unsichtbare zu mir, - ich warne Sie.

- *Listen here, boys*, - the barber said; - if he' here, don't that prove he never done it? [7, 86].

В следующей ситуации собеседниками также избран неофициальный характер общения, что продиктовано их социальным и возрастным статусом (старший - младший). Обращение «*lad*» («*малец, парень*») подчеркивает дружеский, непринужденный тон беседы и стремление не только привлечь внимание коммуниканта, но и создать условия для продолжения коммуникативного акта впоследствии:

- This boy's an appreciator of arts, I'll have you know, - said the boy's defender, a man named Grigsby. – What's your name, *lad*?

- Tom [7, 120].

- Komm, *Kind*, wir wollen schlafen gehn. Timm schlaeft auch schon. Es wird Zeit fuer uns [6, 64].

Таким образом, обращение является одним из основных средств привлечения внимания собеседника на инициальной фазе коммуникации.

Направленность адресату представляет собой один из важных признаков человеческой речи. Обращение специализировано в этой функции, но его

содержание и особенности употребления могут быть поняты только с учетом прагматических особенностей речи. Обращение является неотъемлемым компонентом общения, выполняющим коммуникативную, прагматическую, семантико-синтаксическую функции. Обращение позволяет выделить адресата среди общего числа коммуникантов, придает речи направленный характер или обращенность. Средства обращенности могут быть вербальными или невербальными, что сигнализирует о стремлении адресанта достичь наибольший перлокутивный эффект. Специфические свойства и функции обращения позволяют данной единице речи обеспечивать адресное получение информации и передавать особенности культурного общения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Якобсон Р.О. Лингвистика и поэтика//Структурализм: «за» и «против». – М., 1975.
- 2 Федорова Л.Л. К построению модели коммуникативной компетентности // Проблемы организации речевого общения. – М., 1981.
- 3 Проничев В. П. Синтаксис обращения - Л.: Изд. Ленингр. ун-та, 1971. – 88 с.
- 4 Гладров В. Скрытая категория вежливости в русском и немецком языке// В кн. под редакцией Ваулиной С. Семантико-дискурсивные исследования: эксплицитность/имплицитность выражения смыслов. Калининград. – 2003.
- 5 Шукшин В.М. Собрание сочинений в трех томах. Том первый, второй. - М., 1985.
- 6 Siegfried Lenz Der Mann im Strom Deutscher. Taschenbuch Verlag Muenchen, 1964.
- 7 Ray Bradbury Fahrenheit 451 : Oxford University Press 2000.
- 8 Кронгауз М. Русский речевой этикет на рубеже веков. Russian Linguistics 28.- с. 163- 187.

Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова, г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 15.06.2012.

М.С. КУЛАХМЕТОВА, А.С. САРСЕНБАЕВА, Е.А. ХАРЧЕНКО
БАЙЛАНЫС ОРНАТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰРАЛ
M.S. KULAKHMETOVA, A.S. SARSENBAYEVA, Ye.A. KHARCHENKO
APPEAL AS A CONTACT ESTABLISHING MEANS

Түйіндеме

Бұл мақалада айналымның түрлі үлгілері ара тәуелділік от прагматикалық факторлардың қарастырылады.

Resume

The article considers different types of appeal depending on pragmatic-linguistic factors.

УДК 81'42

Д.В. ЛАРИОНОВ
ХРОНОТОП СОВМЕСТНОЙ ЖИЗНИ, ОТНОШЕНИЙ
(НА МАТЕРИАЛЕ РУССКОЯЗЫЧНОЙ СЕТЕВОЙ
ЛИТЕРАТУРЫ)

Пространство и время являются важнейшими идейно-художественными характеристиками литературы. Исследование категорий пространства и времени имеет большое значение для раскрытия особенностей художественного отражения действительности, специфики внутреннего мира произведения, фундаментальных вопросов содержания и формы, закономерностей их восприятия.

Пространство и время в реальном мире неразрывно связаны друг с другом. Возникший на базе этой неразделимости времени и пространства, в литературоведение из математического естествознания и эйнштейновской теории относительности М.М. Бахтиным был введен термин «хронотоп». Хронотоп определяется как существенная взаимосвязь временных и пространственных отношений, художественно освоенных в литературе [1].

Хронотоп играет важную роль, поскольку «определяет художественное единство литературного произведения в его отношении к реальной действительности» [1], а также имеет «существенное жанровое значение» в литературе. Также М.М. Бахтин указывал на очевидное сюжетное значение хронотопа. Хронотоп, по мысли ученого, является организационным центром основных сюжетных событий. «В хронотопе завязываются и развязываются сюжетные узлы. Можно прямо сказать, что им принадлежит основное сюжетобразующее значение» [1].

При этом по мысли М.М. Бахтина, «в литературе ведущим началом в хронотопе является время» [1]. Поэтому в ходе распределения рассмотренных текстов русскоязычной сетевой литературы (были рассмотрены произведения в жанре рассказа 2011 года публикации, а также работы, представленные на сетевые конкурсы) по типам хронотопа, мы отталкивались в первую очередь от художественного времени как ведущего начала в хронотопе. Вторым основным признаком, создающим наряду со временем основу для дифференциации того или иного хронотопа, стал в рамках нашего исследования тип ситуации, представленный данным

временным промежутком, например, период отношений, период пребывания в гостях, период умирания и т.д.

В результате исследования было обнаружено, что большинство из рассмотренных по такому принципу рассказов формируют определенные хронотопы. При этом общность характеристик времени (в совокупности с ситуацией) зачастую связана с другими компонентами семантического пространства текста – пространством, персонажем, его эмоциями, базовыми концептами текста и др.

При этом наиболее представленным из выделенных хронотопов является хронотоп, отражающий период совместной жизни, отношений персонажей. В данном хронотопе в рамках рассказа представлен отрезок текстового времени, соответствующий времени отношений персонажей. Это, как правило, отношения между мужчиной и женщиной.

В большинстве рассказов этого хронотопа выделяется базовый концепт «любовь» - в 30,1% случаев. Также часто повторяется концепт «семейная жизнь/отношения» - 15,7% случаев. Помимо этих базовых концептов представлены следующие концепты: «судьба» - 4,8%; «влюбленность», «измена», «одиночество», «свобода», «счастье» - по 3,6%; «апокалипсис», «быт», «жертвенность», «молодость», «предательство», «ревность» - по 2,4%; «виртуальное пространство», «время», «деклассированный элемент», «дружба», «однополюсные отношения», «ответственность», «преданность», «расчет», «смысл жизни», «студенчество», «суицид», «творчество», «человечество», «счастье других» - по 1,2%.

Наиболее представленными видами пространства являются: город – 20,8%; квартира – 18,1% и дом – 11,1%.

Базовые эмоции, представленные в относящихся к данному хронотопу текстах: любовь – 30,5% случаев; отчаяние, разочарование – по 9,8%; переживание разрыва отношений, ревность, сожаление, переживание потери, радость – по 4,9%.

